

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

“ШАҒЫН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ”

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№31
(1734)
1 тамыз
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақша Газеті

ҚЫЗЫЛОРДА: ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫ - МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛДАРЫ

2024 жылы 2,3 млрд.тг. 54 көшеге
ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ салынууда

40 көше қала;
Тасбетөгі кенті-6 көше;
Бөлкел-1 көше;
Қарауылтөбе-7 көше.



ЖАРЫҚТАНДЫРУ

2024 жылы 1,4 млрд.тг. 81 көше
ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛУДА

54 көше - қала;
6 көше Тасбетөгі кенті;
15 көше Сабалақ саяжайы;
5 көше - Бөлкел кенті;
1 көше - Ақжарма а/о.



Апта басында шаһар әкімі болып тағайындалғанына жарты жылдың жүзі болған Серік Қожаниязов БАҚ өкілдеріне брифинг беріп, алты айдың қорытындысымен бөлісті. Көрсеткіш көңіл қуантарлық. Жұмысын қала тұрғындарымен кездесу өткізуден бастаған ол бүгінде инфрақұрылымды дамытуды мықтап қолға алған. Президент тапсырмасына сәйкес әр тоқсан сайын тұрғындармен жүздесіп, олардың талап-тілегін тыңдап, толғандырған мәселелерді кезек күттірмей шешіп берді. «Пай, пай, қала ажарланып кетіпті. Сымдай тартылған тұзу көшелер, жасыл желекке оранған гүлзар-бақ тыныссыз ашады. Бұрын-соңды жүріп көрмеген құрылыс жұмыстары көңіл қуантып, көзді қызықтырады». Бұл сөздерді қазіргі кезде қала келбетінің сұлулана түскенін тұрғылықты жұртшылықпен қатар, сырттан келетін қала мейманының аузынан жиі естиміз. Білетініміздей, шырайлы шаһарда 33 аллея мен сквер бар. Осы аумақтарға жылдың белгілі мезгілінде мыңдаған қошет пен гүл отырғызылады. Уақыт талабына сай қала мәдениеті мен әсем шаһардың келбетін айшықтай түсуде жаңа демалыс орындары, түрлі саябақтар ел игілігіне берілуде. Бұл жұмыстардың жайын бұған дейінгі басылым беттерінде жарияладық. Сондықтан ақпарат алаңында айтылған жарты жылдық қорытынды есептің маңызды тұстарын жинақтап, ұсынып отырмыз.

Расында Қызылорда қаласының даму қарқыны ерекше байқалып, тұрғындардың өмір сапасы артты. Қала әкімінің көшбасшылығымен, облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асырылған ауқымды жобалар нәтижесінде қала экономикасы мен инфрақұрылымы жаңа деңгейге көтерілді. Тұрғындардың өмір сапасын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстар биліктің жобаларының тиімділігін айқындап, әкімдердің ұйымдастырушылық қабілеті мен жанашырлығы қаланың гүлденуіне үлкен ықпал етті. Сөзімізді дәлелдейтін статистикамен бөлісейік.

Шаһар – экономиканың барлық саласында өзгелерге үлгі. Ол жаңа бастама мен жаңа үдерістердің көшбасшысы. Жыл басында қала бюджеті 58,2 миллиард теңгеммен бекітілген болатын. Президент пен Үкіметтің қолдауының арқасында және облыс әкімінің үйлестіруімен бүгінде оның көлемі 107,1 миллиард теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 36,6 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 27,8%-ды құрады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2,2 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 7,3%-ға өсті. Бөлшек сауда көлемі 188,5 миллиард теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,7%-ға артты.

Жалпы қалада 3911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның 3139 пәтерлі 58 тұрғын үй бюджет есебінен, ал 772 пәтерлі 16 тұрғын үй

жеке инвестициялар есебінен салынды. Жыл басынан бері 763 пәтер пайдалануға беріліп, 2500 тұрғын жаңа баспанға қол жеткізді. Жыл соңына дейін 1685 пәтер пайдалануға беріледі деп күтілуде, - деді қала әкімі.

Сонымен бірге, қалада жол-көлік инфрақұрылымын дамыту саласында 348 миллиард теңге қаралып, 97 көшеге жол құрылысы, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қала кіре берістерінің жолдарын кеңейту жұмыстары жүргізіліп, «Қызылорда-Күмкөл» автомобиль жолын қайта жаңғырту үшін техникалық-экономикалық негіздеме дайындалуда. Сонымен қатар, 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынууда және 81 көшені жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде.

Шаһарды газдандыру және электрмен қамту мәселесі де тиісті деңгейде шешімін тауып келеді. Биыл Ақжарма елді мекенін

байланысты. Бүгінде қалада тұрғын үй құрылысы ерекше қарқын алуда. Халықты баспанамен қамтамасыз ету көрсеткіші еселеп артауда. Бұл туралы да қала әкімі айтып өтті.

Қала бойынша 68 тұрғын үй апаттық деп танылған. Қазіргі таңда аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезеңіне 673 отбасы тіркелген. Биыл 135 отбасыға жаңа пәтерлер табыстатылып, тұрғын үй кезегінен шығарылады. Бұл жұмыстар кезек-кезеңімен апатты деп танылған тұрғын үйлердің санын азайтуға бағытталған, - деді шаһар басшысы.

Қызылорданы жасыл-желекке «бояу» ісінде серпін бар. Қалада қолдандыру жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, биылғы жылға жалпы жергілікті бюджеттен 702 миллион теңге бөлінді. Мекеме қаламызда орналасқан арық жүйелерін тазалау жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар қала аумағында ағаш бар жерлерге демалыс орындарын көбейту бағытында қажетті шаралар қабылдандуа.

Қала орталығында орналасқан 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылып, 77 көпқабатты тұрғын үйлер мен 2 әлеуметтік нысандардың қасбеттерін заманауи үлгіде әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Қала тұрғындары мен қонақтарына сапалы өмір сүру үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында қоғамдық орындарды көбейту жұмыстары қолға алынды, - деп атап өтті Серік Салауатұлы.

Жалпы Қызылорда қаласының соңғы 6 айдағы даму қарқыны қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған көптеген жобалардың сәтті жүзеге асырылғанын көрсетеді. Қала әкімдігі мен облыс әкімінің үйлестіруімен жүзеге асырылған бұл жұмыстар қала тұрғындарының болашағына деген

ҚАЛА БЮДЖЕТІ

ҚАЛА БЮДЖЕТІ ЖЫЛ БАСЫНАН



1,2 миллиард теңгеге, Сабалақ саяжайын 3,1 миллиард теңгеге, қаладағы шағын аудандарды 689,2 миллион теңгеге газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Қызылорда облыстық округімен Бірқазан елді мекенін көгілдір отынмен қамту қолға алынды.

Электр энергиямен қамту бағытында құны 4,8 миллиард теңгеге 9 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстардың нәтижесінде желілердің тозу деңгейі 64%-дан 62%-ға төмендейді.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласының тұрғындарына таулігіне 72 мың текше метр ауыз су өндіріліп, таратылып отыр. Қала бойынша 85 131 тұтынушыға қызмет көрсетіледі. Қала тұрғындарының 100%-ы орталықтандырылған ауыз су жүйелерімен толық қамтылған. Биыл «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 7,9 миллиард теңгені құрайтын 30 жоба жүзеге асырылуда, - деді С.Қожаниязов.

Мұнан бөлек, қаладағы 424 көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстарға 26,2 миллиард теңге қарастырылған. Биыл 187 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтау желілерін салу үшін Үкімет резервінен 11 миллиард теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары қазан айында толығымен аяқталады деп жоспарлануда.

Шынның айтпайық, баспана – қай елде болмасын күйіп тұрған мәселе. Сол үшін де қазақ атамыз: «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деп мәселенің алдын алып, баспанасыздыққа бейқамдық танытпаған. Жаңа инновация бірінші кезекте қала тұрғынының тұрмыс сапасын жақсарту, баспанамен қамтумен

сенімін нығайта түседі. Қала әкімі Серік Қожаниязовтың айтуынша, алдағы уақытта да қаладағы инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

Брифинг соңында Серік Қожаниязов БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Келесі жылы Қызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толып отыр. Осы орайда дайындық қалай болып жатыр?

100 жылдық мереке тек қана қызылордалықтар үшін емес жалпы қазақстандықтар үшін айтулы мереке. Қаланың тарихын баяндайтын кітап шығарамыз деген жоспарда бар. Әлі де пысықталып, ақылдастығын жұмыстар бар,-деп жауап берді қала әкімі.

Жыл басында қала әкімі болып тағайындалғаннан кейін бірнеше нысандарға бардыңыз. Солардың бірі ЦҚЗ аталып кеткен зауыт орны. Сол кезде зауыт қанқасын сүру бойынша жұмыстар жүргізіледі деп айттыңыз. Бұл жұмыс қашан басталады?

ЦҚЗ зауыты бойынша барлығын жақсы білемін. Жердің иесін сотқа беруге тура келді. Жердің иесі зауыт қанқасын сүруге қаражатым жоқ деп айтты. Зауыт қанқасын сүру үшін 200 млн. теңгенің көлемінде қаражат керек. Қазіргі таңда қаражатқа байланысты бұл жұмыстар тоқтап тұр,-деп жауап берді Серік Қожаниязов.

Р.С. Журналистер тарапынан қала әкіміне көп сұрақ қойылмады...

Мұхаммедшах ҚАЮП

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Премьер-министр орынбасары Тамара Дүйсенованың қатысуымен «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, Үкімет аппаратының қызметкерлері қатысты.

Сондай-ақ Алматы, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстарының кәсіпкерлері тәжірибе алмасу үшін арнайы келді. Мәжіліске «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы, облыстық басқарма, департамент, инспекция басшылары, қала, аудан әкімдері мен ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, экономика және қаржы, жұмыспен қамту мекемелерінің басшылары, ауылдық округ және кент әкімдері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев саладағы негізгі мәселелердің шешілуі жолында осындай жиындардың маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2022 жылғы қараша айында Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кіріскеннен кейін «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлық бойынша елімізде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы, «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламалары сәтті жүзеге асуда. Президентіміздің тапсырмасымен ауыл тұрғындарының табысын, тұрмыс сапасын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту бағытында Сыр өңірінде де ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биыл кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 34 млрд. 500 млн. теңге қарастырылған болса, оның ішінде Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында субсидия және кепілдіктер беру үшін 9 млрд. теңге бөлінді. Мемлекеттік гранттар беруге 73 млн. 100 мың теңге қаралды. Биылғы 6 айда облыстағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 64 мың 478 болды. Жыл соңына дейін 3 мыңға жуық жобаны қаржыландыру көзделген. Кәсіпкерлер санының өсуі жастар және «Ауыл аманаты» жобасы аясында алынған микрокредиттер есебінен қамтамасыз етілді. Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты - ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік мәселелерін шешу. Жылдық 2,5 пайызбен берілетін жеңілдетілген несиелер азаматтарға идеяларын жүзеге асыруға, өз ісін ашуға және ауылдағы жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік берді. Аймаққа өткен жылы республикалық бюджеттен жобаны қаржыландыруға 3 млрд. теңге бөлінсе, биыл 4 млрд. 600 млн. теңге қаржы қаралуда. Барлығы 411 жоба несиелендіріліп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосты.

Іс-шарада Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, Сырдария, Шиелі аудандарының әкімдері «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру барысы мен артықшылықтары туралы баяндады.

Мұнан бөлек Алматы облысынан арнайы келген «Дәулет Бекет» ЖШС бас директоры Сыдық Дәулетов, Батыс Қазақстан облысы Қосқол ауылдық округінің әкімі Әділет Мұсағалиев, Түркістан облысынан келген жеке кәсіпкер Данияр Қалымбетов өз тәжірибелерін бөлісті.

Мәжілісті қорытындылаған Премьер-министр орынбасары Тамара Дүйсенова бағдарламаны іске асыру бағытында бірқатар ұсыныс айтты.

"ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН" ЖАЛҒАСАДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңес отырысында әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы мәселелер қаралды.

Жауапты министрлер «Әлеуметтік әмиян», «Отбасының цифрлық картасы», мектепке дейінгі ұйымдарды дербестендірілген вәучерлік қаржыландыру барысы бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Кеңес отырысының кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев талқыланған мәселелерге орай жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

«Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесі 2023-2024 оқу жылында пилоттық жоба ретінде Қызылорда қаласындағы №264 мектеп-лицейіне енгізілген. Осы мектеп асханаларымен тегін ыстық тамақ ұсынылатын автоматтандырылған есебін жүргізу үшін жүйеге 9-шы сыныптағы 18 бала тіркелген. Жұмысты одан әрі жалғастыруды тапсырамын. Қазіргі кезде оқу материалдарына лезде қол жеткізуді, мектеп ғимаратына кіруді қамтамасыз ететін және тамақтану үшін төлем құралы болатын оқушыларға арналған сәйкестендіру карточкасын іске қосатын «Ақпараттық-бағдарламалық кешен» жүйесіне облыстағы 87 мектепті енгізу жоспарланған. Бұл мақсатқа 119 млн. теңге қаржы қаралды. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін аяқтау керек. Жаңа оқу жылынан аймақтағы 87 мектепке орнатылатын «Ақпараттық-бағдарламалық кешен» жүйесін «Әлеуметтік әмиян» жүйесімен интеграциялау қажет, - деді аймақ басшысы.

Күн тәртібінде қаралған тағы бір мәселе - «Отбасының цифрлық картасы». Жоба 2023 жылдың 1 қаңтарынан бері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде іске қосылып, өзектендіру жұмыстары жүргізілді. Азаматтарға денсаулық, білім және әлеуметтік қорғау бағытындағы мемлекеттік қызметтер СМС-хабарлана арқылы көрсетіліп келеді. Өткен жылы цифрлық картаның деректерін өзектендіру жұмыстары басталып, 223 002 отбасының немесе 853 777 азаматтың ақпараты денсаулық дағдарыс және мүшкіл жағдайдағы әр азаматтың экономикалық, әлеуметтік, тұрғын үй жағдайы, денсаулық сақтау, білім саласы бойынша әл-ауқат деңгейі мен тәуекелдерін көрсетеді. Осының негізінде дағдарыс санатында 57 519 отбасы бар екені анықталды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына дағдарыс және мүшкіл жағдайдағы отбасыларды неғұрлым қолайлы санаттарға ауыстыру үшін олардың әрқайсымен адресстік жұмыс жүргізу алгоритмін әзірлеу тапсырылды. Нәтижесі тиісті органдар мен қала және аудан әкімдеріне жолдануы керек. Цифрлық картадағы деректерге қарағанда, D, E санатындағы 223 539 адамның 46 786-ы міндетті әлеуметтік- медициналық сақтандыру қорында сақтандырылмаған. Басқармаға қала және аудан әкімдері денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, осы бағыттағы жұмыстарды шұғыл қолға алып, тиісті шара қабылдау міндеті қойылды. Мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасыларды анықтау үшін цифрлық картаның қолданыс аясын кеңейтіп, әр мекеме өз ақпараттық жүйесінің толымдылығына баса мән беруі қажет. Сондай-ақ, «дағдарыс» және «мүшкіл» (D, E) санаттағыларды неғұрлым қолайлы санатқа ауыстыру мақсатында қала, аудан әкімдеріне және тиісті мемлекеттік органдарға әр отбасымен жеке адресстік жұмыс жүргізу қатаң тапсырылды. Қала және аудан әкімдері үшін D және E санатындағы отбасыларды осы жылдың I қарашасына дейін 5%-ға төмендету көрсеткіші (KPI) белгіленуі тиіс.

Үкіметтен тараған ресми ақпарат бойынша биылғы 1 қыркүйектен бастап еліміздің барлық өңірінде «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша жобаны кеңінен тарату басталады.

Жоба қазақстандықтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Пилоттық режимде 2023 жылдың соңынан бері елімізде азаматтардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мекентерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыру іске асырылуда.

«Әлеуметтік әмиян» азаматтардың ЕГОВ қосымшасында мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау құралдары мен шараларын жинақтау арқылы азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын алуды жеңілдету үшін жасалған. Аталған жоба арқылы мемлекеттік көмек алу және оның жүргізілу тарихын қадағалау ыңғайлы. Вәучерлер жекелеңдірілген түрде жазылады, бұл кез келген заңсыз тіркеулердің мүмкіндігін шектейді. Жыл соңына дейін аталған өнім еліміздің барлық азаматтарына ыстық тамақ пен дәрі-дәрмек бойынша қолжетімді болады деп жоспарланып отыр», — дейді BTS Digital ЖШС бас директоры Нұртай Әбілғалиев.

Бұдан басқа «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде ақшалай қаражатты монетизациялау, мүгедектігі бар адамдар үшін техникалық оңалту құралдарын сатып алу; халықтың әлеуметтік осал топтарына ӘМАТ тізбесінен азық-түлік сатып алуға атаулы көмек көрсету; әлеуметтік осал санаттағы тұтынушылар үшін тауарлы газға вәучерлер мен ЖКМ бағасының өсуін өтеу үшін вәучерлер ұсыну бойынша пилоттық жобаны іске қосу қосымша пысықталуда.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда дербестендірілген вәучерлік қаржыландыру» жобасы бүгінде пилоттық режимде Тараз қаласында жүргізілуде. Облыстық білім басқармасына аталған тәжірибені жан-жақты зерделең, нақты ұсыныс беру тапсырылды. Қызылорда облысында биометрикалық сәйкестікті бақылайтын «Қазына-Фейс» мобильді қосымшасы арқылы балабақшаға құндылықты нақты келген балаға ғана мемлекеттік тапсырысты орналастыру мәселесі жолға қойылды. Облыс әкімі осы бағыттағы жұмыстарды да жүйелі жүргізуді тапсырды.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Кәмелет жасына жетпегендердің құқықтарын қорғау - бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі десек, балаларды, олардың негізгі құқықтарын қорғау - кез келген мемлекеттің басты көкейкесті қызметі болып табылады. Мемлекет басшысының 2007 жылғы «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарын құру туралы» Жарлығына сәйкес, ТМД мемлекеттерінің ішінде алғашқылардың бірі болып кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мамандандырылған соттарды құру қолға алынды. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құрылу мақсаты - қоғамда жасөспірімдердің әлеуметтік қалыптасуы мен қорғалуына ықпал ету. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құрылуы Қазақстанда ювеналды әділет жүйесінің дамуына және сот төрелігін ізгілендірудегі алғышарт болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 4 ақпанындағы № 266 Жарлығы бойынша Қызылорда облысында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрылды. Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 2024 жылдың 6 айында 15 азаматтық іс және 1738 талап қою (арыздар) түскен. Осы есепті мерзімде 1711 азаматтық іс өндірістен аяқталса, шешім шығару арқылы қаралған істер саны 697 құраған, оның ішінде қанағаттандырылған істер саны 624, қанағаттандырудан бас тартылған істер саны 73. 2024 жылдың 6 айында түскен талап арыздар (арыздар) санаты бойынша

ша талап қоюлар саны 1147, ерекше іс жүргізу (арыздар) санаты бойынша саны 56, түскен бұйрықтық (арыздар) санаты бойынша сот бұйрығы саны 535 құраған. Азаматтық істер бойынша сотпен есептік кезеңде 13 жеке ұйғарым қабылданған. 2024 жылдың 6 айында 307 азаматтық іс тараптардың татуласуына байланысты қараусыз қалдырылған. 2024 жылдың 6 айында 77 талап қою қайтарылған, 72 іс өндірістен тоқтатылған. Оның ішінде татуласу рәсімдерімен 61 іс қаралған. Медиация тәртібімен 60 іс, партисипативтік рәсімімен 1 іс. Талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан - 3. 7 іс бойынша АПК-нің 277-бабының 2-бөлігімен (сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған). 1 іс бойынша АПК-нің 277-бабының 2-бөлігімен (іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпауына байланысты).

2024 жылдың 6 айында 25 қылмыстық іс түскен. 2024 жылдың 6 айында 29 іс 38 адамға қатысты қаралған. Үкім шығару арқылы қаралған істер саны 22 іс бойынша 28 адам (13к/т). 2024 жылдың 6 айында 9 жекеше қаулы шыққан.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 2024 жылдың 6 айында 206 іс түсіп, оның ішінде 202 адамға қатысты аяқталған. Әкімшілік жазаға тарту туралы 174 қаулы қабылданып, қысқарту туралы 28 қаулы қабылданған. ӘҚБтК-нің 741 бабының 1 бөлігінің 2 тармағы құқық бұзушылықтың құрамы болмауына байланысты 16 іс, ӘҚБтК-нің 741 бабының 1 бөлігінің 5 тармағы әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерінің өтуіне байланысты болмаған, ӘҚБтК-нің 64-1 бабында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмауы деп танылып, қысқартылған 12 іс. 2024 жылдың 6 айында 18 жекеше қаулы қабылданған.

Забира АБЫЛАЙҚЫЗЫ
Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз кәзір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғамда түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе - сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып, жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке, жатқылдықтардан қайшы аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келенсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңрек үнілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келенсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған орақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың сан мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізгі, беделіне абыройсыздық ұялатады. Заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келенсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркенінен дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Төрешов Сәкен Құрманғалиұлы
Сексеуіл кентінің әкімі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Департаменттің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Бұл бағытта департаментке жыл басынан бері 57 өтініш түскен. Түскен өтініштердің 46-ы жеке тұлға, 3-і заңды тұлға, 8-і мемлекеттік қызметшілерден түскен.

Қаралған өтініштерде жиі көтерілетін сұрақтар, бұл конкурс өткізу қорытындысымен келіспеу – 5, әлеуметтік қорғалу – 7, әдеп нормаларын бұзу – 5, тәртіптік жазамен келіспеу – 2, конкурс өткізу тәртібіне қатысты – 2.

Құзыреттілік шегінде барлығы 23 тексеру жүргізілді (6-проф. бақылау, 17-жоспардан тыс тексеру). Нәтижесінде 143 бұзушылық анықталды.

Бұзушылықтардың басым көпшілігі мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік мәселелеріне қатысты болып отыр.

Орын алған бұзушылықтарды жою бойынша 11 нұсқама енгізіліп, барлығы орындалды.

Енгізілген ұсыныстардың нәтижесінде: - 1 қызметті тәртіптік жазаға тартылды; - 2 мемлекеттік органдардың әктілері (тәртіптік жаза қолдану) заңсыздығы негізінде бұзылды;

- 3 әкімшілік іс қозғалды (ҚР ӘҚБтК 896. 1 тар. – 1, 462 б. 3 тарм. – 1, 99 бап 2 тарм. – 1). Тексерулердің нәтижелерімен 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Мысалы, Қармақшы ауданы әкімі аппаратына профилактикалық бақылаумен жүргізілген тексеру барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) сақталмағандығы анықталды.

Атап айтқанда, Қағидалардың 6-тармағында іссапарға жіберілген қызметкерге іссапарға кетер алдында жол жүру ақысын, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды телеуеге тиесілі сомалар және тәулікақы беріледі. Іс-сапардан оралғаннан

кейін қызметкер бес жұмыс күні ішінде іссапар бойынша шығыстар туралы растаушы құжаттарды қоса бере отырып, іссапар туралы есеп береді делінген.

Алайда Қармақшы ауданы, Т.Көмекбаев ауылдық округінің әкімі 26.09.-01.10.2023 жыл аралығында Астана қаласына іс-сапарда болғаны белгілі болды.

Дегенмен, ауыл әкіміне тексеру барысында іс-сапарға кетер алдында жол жүру ақысы, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстары мүлдем төленбегендігі анықталды.

Осындай деректер, Қармақшы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жоласушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы (іс-сапарға шығу мерзімі 12.02.-13.02.2024 жыл), Қармақшы аудандық мәдениет және спорт бөлімінің сектор меңгерушісіне (іс-сапарға шығу мерзімі 15.02.-16.02.2024 жыл) мүлдем төленбеген.

Департаментпен енгізілген бұзушылықты жою туралы нұсқаманың нәтижесімен қызметшілерге іс-сапар шығындары төленді.

Сонымен қатар Қазалы ауданы әкімі аппаратына профилактикалық бақылаумен жүргізілген тексеру барысында Ф.Мұратбаев ауылдық округінің әкіміне тәртіптік жаза қолдану барысында Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану» Қағидаларының талаптары сақталмағандығы анықталды.

Департаментпен енгізілген бұзушылықты жою туралы нұсқаманың нәтижесімен ауылдық округтің әкіміне тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күші жойылып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Алдағы уақытта да аумақтық департамент азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қалпына келтіру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыра беретін болады.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы

СОТ ЖҰМЫСЫ КЕҢСЕДЕН БАСТАЛАДЫ

Елімізде соттың уақыт өткен сайын жанданып, жаңғырып келе жатқанына қарапайым халық қуә. Заңдарды жетілдіріп, судьялардың сапалы жұмыс істеуіне, тәуелсіздігін нығайтуға қатысты қолға алынған реформалардың нәтижесі жоғары. Бұған қоса, сот кенесінің қызметін оңтайландыру, азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттыру бағытында атқарылған істердің де тиімділігі мен пайдасы орасан зор.

Сот кенесі – сот саласындағы жоғары сапаның кепілі. Сотқа ісі түскен азаматтардың көретіні – судья. Сондықтан көпшілігі сот жұмысын тек судьяның еңбегіне қарап бағалап жатады. Ал сот процесін ұйымдастырудағы кеңсе мамандарының жанкешті қызметін азаматтар біле бермейді. Шындығында арыз – шағым, материалдар сот өндірісіне түскеннен бастап, судья қарауына ұсынылғанға дейінгі жұмыстың өзі қыруар. Одан бөлек, сот отырысының дұрыс ұйымдастырылуы, сотқа қатысушылардың процеске дер кезінде шақырылып, уақытында келуі, сот отырыстарының талапқа сай өтуі сот мәжілісі хатшыларының тындырымды еңбегі мен жұмысқа деген жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сонымен қатар сот отырысы бітіп, іске нүкте қойылғаннан кейін де кеңсе

қызметкерлерінің жұмысы бітпейді. Сот мамандары хаттама толтырып, дыбыс-бейне жазу құрылғысына жазылған таспады құжаттап, сот актісін тараптардың қолына табыстауда да ортақ тәртіпке сай қызмет етеді.

Әрине, жаңа заманауи технологиялар кеңсе қызметінің жұмысын едәуір жеңілдетті. Ақпараттық технологиялар ең алдымен сот төрелігін жеделдігі мен ашықтығын арттырды. Заман ағымына сай қолданысқа енгізілген «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, «Төрелік» жүйесі кез келген уақытта соттармен барынша ыңғайлы байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Соның арқасында құжаттарды қабылдау, талап – арыздар мен істерді автоматты түрде бөлу, сот талқылауы, шешімдер, атқарушылық құжаттарды беру секілді сот қызметінің барлық кезендері жылдам әрі сапалы атқарылатын болды.

Азаматтар электронды сот төрелігін қаражат мен уақытты үнемдеудің кепілі деп біледі. Сонымен бірге жаңа технология сот кеңсе жұмысының ашықтығын, жеделдігін арттырып, қағазбастылықтан арылуға көмегін тигізді. Осы нәтижелі жұмыстардың арқасында Қазақстанда сот органдарының sud.gov.kz деп аталатын бірыңғай интернет – алаңы құрылды. Бұл сайтта пайдаланушылар тек

Жоғарғы соттың ғана емес, елдің барлық соттарының қызметі туралы ақпаратты бірыңғай тереңден көріп танысып отырады. Сайтта немесе «Smart-cot» телеграмм – боты арқылы жиі туындайтын сұрақтарға да қарапайым халықтың жедел, нақты жауап алуына жол ашылған.

Сонымен қатар «Сот кабинеті» сервисіне қатысты көпшіліктің пікірі жоғары. Бұл сервис сот жұмысына қол жеткізудің бірыңғай онлайн терезесі ретінде мойындалған. Пайдаланушылар үйден немесе кеңседен шықпай – ақ сот талап арыз, шағым, өтініш, пікір, қарсы талап арыз немесе өтініш т.б. көптеген электрондық құжат түрлерін бере алады, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлей алады, сондай – ақ кәсіби медиаторды таңдап, медиацияны электрондық түрде жүргізуге өтінім бере алады.

Қорытындылай келе қоғам игілігіне бағытталған жаңашылдықтардың барлығы азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып қана қоймай, заң, құқықтық сауаттылығын арттырып келеді деп ойламын.

Р.ХИЗАТОВА
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің басшысы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 27-16-07 сенім телефоны жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 года № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)71-16-51 сенім телефоны жұмыс істейтін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кызылорда ежесуточно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)71-16-51.

<p>МЕНШІК ИЕСІ:</p> <p>«Желтоқсан и К» ЖШС</p> <p>Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА</p> <p>Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы:</p> <p>Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1</p> <p>Телефон: 23-16-08 23-16-11</p>	<p>(E-mail: a_akshamy@mail.ru)</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп</p> <p>№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.</p> <p>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж</p> <p>Газет аптасына бір рет жарық көреді</p>	<p>ТАРАЛЫМЫ: 4000</p> <p>Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.</p> <p>Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49</p> <p>Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы</p> <p>Тапсырыс</p>	<p>Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.</p> <p>Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.</p> <p>Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.</p> <p>Сурет сапасына редакция жауап бермейді</p>
--	---	---	--	---

“ӨЗ БАСПАНАҢ БОЛҒАНҒА НЕ ЖЕТСІН...”

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Премьер-Министр орынбасары Тамара Дүйсенова облыс орталығында жаңадан салынған тұрғын үйден пәтер кілттерін табыстау шарасына қатысты. Дарияның сол жағалауында 10 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, баспана кезегіндегі 150 отбасы баспаналы болды.

Салтанатты шарада сөз алған вице-премьер пәтер кілтін алғандарды құттықтап, азаматтарға жайлы жағдай жасау мәселесі Мемлекет басшысының тұрақты назарында екенін жеткізді.

- «Халықтың әл-ауқатын арттыру, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау – мемлекетіміздің ең басты стратегиялық міндеті. Бүгінде елімізде тұрғын үй мәселесін шешудің сатып алу, банктердің ипотека бағдарламалары, мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алу секілді әр түрлі жолдары қалыптасты. Жыл басынан бері еліміз бойынша 7,5 млн-ға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін көрсеткішті 18 млн-ға жеткізу көзделген. Бұл мыңдаған отбасының баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев баспаналы болған азаматтарға игі тілегін білдіріп, жұрт қуанышына ортақтасты.



- «Құрылыс барысы әкімдіктің жіті бақылауында болды. Мердігерлер жұмысты сапалы атқарды деп санаймын. Ең бастысы, баспанаға мұқтаж жандардың бірқатары пәтерлі болып отыр. Аймақ әкімдігі бұл бағыттағы жұмысты ары қарай да жалғастыратын болады», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Пәтер алғандар арасында Гүлсезім Убайділде жолдасымен жетімдер

санатында кезекте тұрған. Бұған дейін жалдамалы пәтерлерде тұрып келген. Енді екі баланың анасы екі бөлмелі пәтердің иесі атанып отыр.

- «Өз баспанаң болғанға не жетсін. Бүгінде дейін туыстардың үйінде де тұрдық, пәтер де жалдадық. Енді міне, өзіміздің баспанамыз бар. Өте қуаныштымыз. Қолдау білдірген азаматтарға алғыс айтамын», - деді ол.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАН ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қызылордадағы денсаулық сақтау инфрақұрылымы жаңа нысанмен толықты. Сырдың сол жағалауында жаңадан Қан орталығы ашылды. Салтанатты рәсімге өңірде жұмыс сапарымен болған Премьер-Министр орынбасары Тамара Дүйсенова қатысты. Сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов та болды.

Бұған дейін қан орталығының өз алдына жеке ғимараты болмаған. Облыстық көпбейінді медициналық орталықта орналасқан еді. Жұмыс барысында орын тапшылығы сезілетін деуді қызметкерлері.

сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске асуда. Оның шеңберінде елді мекендерде екі жылда 655 алғашқы медициналық санитариялық көмек беру нысандарын салу көзделген. Жоба аудандық ауруханаларды жетілдіруді де мақсат етеді.

- «Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аясында жаңа Қан орталығының ашылуына куә болып отырмыз. Жылына он мың адамға қызмет көрсете алатын нысанның аймақ үшін маңызы зор. Біздің ең негізгі мақсатымыз ұлт денсаулығын сақтау. Ұлт денсаулығы - мемлекетіміздің даму кепілі», - деді вице-премьер.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев та жерлерінен жаңа орталықтың ашылуымен құттықтады. Айта кетейік, ғимарат құрылысына республикалық бюджеттен 2,7 млрд. теңге бөлінген болатын. Жыл сайын өңірде 10 мыңнан аса тұрғын доңорлық қан тапсырады екен. Орталық медициналық ұйымдардың сұранысына сай 17 мың дозадан астам қан компоненттерін дайындайды.

Шара аясында аймақтың дансаулық сақтау саласының автопаркі де жаңа көліктермен толықты. Салтанатты түрде медицина мекемелеріне 76 санитарлық автокөліктің кілті табысталды. Жаңа жедел жәрдем машиналары 11 медициналық мекеме бойынша халық игілігіне жарайтын болады.



Салтанатты шарада сөз алған Тамара Дүйсенова мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласына қатысты атқарылып жатқан шаралар туралы атап өтті. Қазір елімізде Президент тапсырмасымен «Ауылда денсаулық

КӨШ СОҢЫНАН КӨШ БАСЫНА ШЫҚТЫ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясы өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов пен Наурызбай Байқадамов, облыс әкімінің орынбасарлары мен құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық басқармалар және аумақтық инспекциялардың басшылары қатысты. Аудан, қала әкімдері, мәслихат төрағалары және активі бейнебайланыс жүйесі арқылы қосылды.

Сессияда өткен 6 айдың қорытындысы бойынша негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілгені айтылды. Мәселен, өнеркәсіп өндірісі 5 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 37,5, ауыл шаруашылығы 4, құрылыс жұмыстарының көлемі 35,6, тұрғын үй 3,7, көлік 3,4, сауда 3,6 пайыз артты.

Өңірдегі мұнай қорының сарқылуды сағдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі өткен жылдың қыркүйек айынан бері оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Саладағы өсу қарқыны бойынша 2022 жылы Қызылорда облысы республикада 11-орында болған еді. Өткен жылдан бері алғашқы үштікте.

Аймақ басшысы әр саладағы жетістіктерге тоқталып, алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар туралы айтты.

- «Шетелдік инвесторлардың өңірде жұмыс істеуіне қолайлы климат қалыптасқандықтан, ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Осы жылдың 6 айында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 41,4 пайыз артты.

Кәсіпкерлікті қолдауға соңғы 2 жылда (2022-2023 жж.) 127 млрд. 500 млн. теңге тартылып, 12 мыңнан астам жоба қаржыландырылды. Оның 25 млрд. 100 млн. теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты. Биыл екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары арқылы 3 мыңға жуық жоба қаржыландырылады.

Ауыл шаруашылығы саласына соңғы 2 жылда 20 млрд. 300 млн. теңгеден астам инвестиция тартылды. Жыл басынан бері 6 айда саладағы негізгі капиталға 3 млрд. 300 млн. теңге инвестиция салынды.

Биыл бюджеттен **тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға** 34 млрд. 100 млн. теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі.

Биыл аймақта 43 млрд. теңгеге 300 шақырымнан астам **жол жөнделді**. Жыл аяғына дейін жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 92 пайыздан асады.

Электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде желілердің тозу деңгейі 6 пайыздан 62 пайызға төмендеді.

Тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жеткізіледі. Облысхалқының 98,4 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған – деді Н.Нәлібаев.

Биыл **«Жайлы мектеп»** ұлттық жобасы аясында 10 мектептің, «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернаттың құрылысы жүргізілуде. Жергілікті бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтуде.

«ҚазгерМұнай» компаниясының де-меушілігімен бой көтерген 350 орындық **Оқушылар сарайы** пайдалануға беріледі. «Саутс Ойл» компаниясының де-меушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан **музыкалық колледждің жаңа ғимараты** салынууда. Нысан 2025 жылы іске қосылады.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылысы басталып, **Шығармашылық академиясы** салынууда.

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында қарашына 2024 жылға арналған облыстық бюджет кезекті рет нақтыланды.

КООПЕРАТИВ – АУЫЛДЫҚТАРҒА ҰСЫНЫС

Премьер-министр орынбасары Тамара Дүйсенованың Қызылорда облысына жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасты.

«Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде Салтанат Рахатова 8,6 млн. теңге несие иеленіп, жылыжайды қолға алған. Былтыр басталған кәсіп алғашқы жемісін бере бастады. 160 шаршы метр аумаққа қияр егіп, 800 келі өнім жинаған.

- «Отбасымызбен осы жылыжай жұмысын жүргізе бастадық. Өзірге нәтиже жаман емес деп санаймын. Өнімге сұраныс бар. Кәсіпкер үшін маңыздысы осы. «Ауыл аманаты» бойынша берілетін несие шарттары өте тиімді. Тек еңбек етуге ниет болуы керек», - деді Салтанат Рахатова.

Ауданда ауыл шаруашылығынан өзге бағытты таңдағандар да бар. Толқын Бижанова алғашқыда кондитерлік өнімдерді үйден әзірлеп, ауылдастарының тапсырысы бойынша жұмыс істеп келген. «Ауыл аманаты» жобасы туралы естіп, көсібін кеңейтіп, цех ашуды ұйғарған. 6,5 млн. теңге жеңілдетілген несиенің арқасында мақсаты орындалып, 4 адамды жұмыспен қамтуда.

Ал, Галия Қартабаева - аудандағы жас кәсіпкер. «Ауыл аманаты» бағдарламасына ер азаматтар атқаратын тірлікпен айналысуды көздеп, жоба ұсынған. 5,4 млн. теңге несие алып, автокөлік жөндеу және жуу орталығын ұйымдастырған. Жұмыспен қамтылған екі адам күніне 5 көлікке қызмет көрсетеді.

- «Еңбек етуге ниеті бар адам кез келген кәсіпті қымысыбай қолға алуы керек», - дейді Галия Қартабаева.

Қазалыда түіе ұстайтын шаруалар баршылық. Алайда, сүті сауылған күйі сатылуда. Оны терен өңдеуге қатысты кенес берер, қажет болса, үйретер жандар бар. Мысалы, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» ауыл шаруашылығы кәсіпорны

шұбаттан бірнеше өнім әзірлейді. Тіпті сусынның ұнтақталған түрін ұсынууда.

Аймақ тұрғындарымен, аудан, ауыл әкімдерімен кездескен вице-премьер ауылдарда кооперативке бірігу тәжірибесін кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті. Елімізде 3-4 адам емес, бір шаруашылық аясында бүтін ауыл боп жұмылудың мысалдары бар. Мәселен, Батыстағы Қоскөл ауылы. Елді мекендегі барлық 227 ауланың басын қосқан серіктестік тәжірибесі туралы ауыл әкімі Әділет Мұсағалиев айтты берді.

Ал, өндірілген өнімді кәдеге жаратудың бір жолы ретінде Түркістан облысының тәжірибесі ұсынылды. Мұнда кәсіпкер Данияр Қалымбетов мемлекеттік-жеке-меншік әріптестік аясында аймақтағы әлеуметтік нысандардың асханаларын жөндеп, оларды азық-түлікпен қамту ісін қолға алған. Мектеп-интернаттар, медициналық әлеуметтік нысандарға қызмет көрсетуде. Тағамға қажетті өнімдерді орталықтандырылған жолмен сатып алып, мекемелерді қамтамасыз етеді.

Аталған тәжірибе Сыр өңірін де енгізілуі мүмкін. Осы ретте «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның көмегі қажет. Шаруалардан сатып алынған көкөніс, ет, сүт өнімдері әлеуметтік нысандар асханаларының қажетіне жарайтын болады.

Тамара Дүйсенова елдегі оң тәжірибелерді кеңінен тарату, оңираралық байланысты нығайтудың маңызды екенін атап өтті.

- «Әр облыстың әрине, өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда, өзара байланыс арқылы бірлесіп жетістікке жетуіміз болары даусыз. Сыйап келгенде бұл азаматтарымыздың тұрмысын жақсартуға елеулі әсер етеді. Әр азаматтың, отбасының бауқаты болуы мемлекетіміздің тұрақтылығының кепілі екенін естен шығармайық», - деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫҚТАР КӘСІБІ



Премьер-министр орынбасары Тамара Дүйсенова жұмыс сапары аясында «Ауыл аманаты» бағдарламасының аймақта жүзеге асу барысымен танысып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Былтыр бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаралып, 406 жобаға несие берілді. Соның арқасында 700-ден астам жұмыс орны құрылды.

Несие алғандар жеңіл өнеркәсіпті де игеруде. Мәселен, Махамбетов ауылының тұрғыны Сәрсенгүл Аралбаева «Ауыл аманаты» арқылы қол жеткізген 5 млн. теңгеге шұлық өнімдерін шығаратын құрал-жабдықтар сатып алды. Қазір күніне 200-250 шұлық сатууда. Жобаға дейін тұрақты табысы

болмаған Сәрсенгүл Аралбаева бүгінде жеке кәсіпкер.

- Өнімге деген сұраныс өте жақсы. Енді кәсіпті кеңейту жағын ойластырудамын. Өзірге екі адам жұмыс істейміз. Көсібім кеңейіп жатса, жұмыс орындары да көбейеді. Қолдау білдіргендерге алғысым шексіз!», - деді ол.

Осы ауылдың тұрғыны Алтынқұл Дүйсенғазиева жүн мен мақтадан көрпе тігіп, көсібін дөңгелетіп отыр. Ол үшін «Ауыл аманаты» жобасы аясында 3 млн. теңгеден астам несие алды. Қазір ауыл, ауданнан бөлек, Астанадан да тапсырыстар келіп, айына 20-25 көрпе тігуде.

- Өзімнің ерекше балам бар. Оны да осы кәсіпке үйретудемін.

Алғашқыда өтініш бергенде жобамның мақұлданатынына сенбедім. Алайда, талап қылған адамға жол ашық екеніне көзім жетті. Осындай төмен пайызбен несие беру бастамасын көтерген азаматтарға ризашылығымды білдіремін, - деді ол.

Сырдария ауданының Айдарлы ауылында кене кәсіпті жаңғыртқан кәсіпкер бар. Зейнеткер Марияш Әлжанова киіз басып, түкті кілем, сырмақ тігеді. «Ауыл аманаты» жобасы арқылы алған қаржыға шех ашып, 6 адамды жұмыспен қамтуда.

Ұлттық бұйымдарға сұраныс қашан да жоғары болады. Өндіріске қажетті жүннен тапшылық жоқ. Өзіміздің ауылдан, көршілес Қоғалыкөлден қой мен түіе жүнін аламыз. Кәсіп өз алдына, ең негізгі мақсатым – жастарға ұлттық колөнерді таныту, - дейді ол.

Тамара Дүйсенова жобаларды жоғары бағалады. Ауыл тұрғындарымен кездесу кезінде мемлекеттік қолдау шараларымен таныстырды. Жастарға 2,5 пайызбен ұсынатын жеңілдетілген несие, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға берілетін қайтарымсыз гранттар жайлы айтты.

- «Ауыл аманаты» бағдарламасының негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру. Мемлекет тарапынан түрлі қолдау шаралары қарастырылған. Ол туралы ауыл әкімдері түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет», - деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

КӨПШІЛІК ОРЫНДАР ТАЗА, ТҮРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ...

Өткен аптаның сенбі күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте елді мекендерді көркейту, абаттандыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы облыс орталығы мен барлық аудандағы атқарылған жұмыстарға күнделікті бақылауды күшейтуді тапсырды.

Қазіргі демалыс маусымында көпшілік орындардың келушілерге ыңғайлы өрі жайлы, ең бастысы таза болғаны өте маңызды. Тазалық мәселесінде тұрғындарға жүктелетін жауапкершілікті де ұмытпау керек. Көше бойының, тұрғын үй аулалары мен ойын алаңдарының, жалпы қоршаған ортаның жинақылығы тиісті мекемелерге ғана емес қызылордалықтардың барлығына керек екенін естен шығармау қажет.

Биыл қала көшелерін, көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 12,7 млрд. теңге қаралды. «Қорқыт Ата» әуежайының аумағын көркейту, қала, кент пен ауылдық округтердің 75 көшесіне жарық бағаналарын орнату, 59 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланған. Құрылысы өткен жылы бастау алған 19 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы жұмыстарды аяқтау үшін 237 млн. теңге бөлінген. Тағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы ойын алаңдарын күрделі жөндеу үшін облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралған. Бұған қоса 215,8 млн. теңгеге 4 көпөтерлі тұрғын үйдің ауласы жөнделуде.

Облыс орталығына 10 заманауи аялдама салу үшін 52,5 млн. теңге қаралып, толығымен орнатылды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде 332,6 млн. теңгеге көшелерге науа тарту, орталық зиратты қоршау, көпөтерлі үйлерді абаттандыру қолға алынды. Қаланы көгалдандыру үшін құрылған «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне биыл 702,2 млн. теңге қаржы берілді. Бұл жұмыстар толық аяқталғанда, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптасады, жолаушылар және жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Жиында жауапты мекеме басшылары атқарылған жұмыстарды баяндады. Көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын бағамдаған аймақ басшысы барлық істі сапалы атқарып, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

ОЛИМПИАДА ОСАЛДАР ОЙЫНЫ ЭМЕС

Өткен сенбиде эдем халкы асыга күткен 2024 жылғы Париж Олимпиадасы салтанатты түрдө ашылды. Қазақстан құрамасының туын Асланбек Шымбергенов пен Ольга Сафронова алып жүрді. Дүбірлі дода – казакстандық спортшылардың тәуелсіз ел ретінде катысып отырған сегізінші жазғы Олимпиадасы.

Салтанатты ашылу рәсімінде эдемнің 206 елінен келген спорттық делегациялар жүріп өтті. Жалпы, байрақты бөсекте 10,5 мың спортшы бақ сынады. Аталған шараны эдемнің әр киырынан келген 300 мыңға тарта адам тамашалауға мүмкіндік алды. Алдын ала есеп бойынша тікелей телекөрсетілімі 1,5-2 млрд адам тамашалайды.

Олимпиада ауылы Париждің солтүстік жағында орналасқан, аумағы 52 гектарды құрайды. Инфрақұрылымда қажеттінің бәрі бар. Онда 40 тұрғын үй, жаттығу корпустары, емхана, асхана және басқа да нысандар, атлеттердің көңіл көтеруіне арналған клубтар орналасқан. Олимпиадалық ауылда 14,5 мыңдай адам тұрады. Оның ішінде тоғыз мың спортшы бар.

Жазғы Олимпиадада сығна түсетін үзіктерді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қабылдап, оларға тілектестігін білдірді. Байрақты бөсекке ең мықты спортшылар бара жапқанын апап өтіп, ел намысын қорғау абыройлы міндет екеніне тоқталды.

- Біз сіздерге зор үміт артамыз. Бүкіл халқымыз – сіздерге жанкүйер. Жалпы, казак спорт мектебінің мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жүлдемен оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіре, ұлттымыздың рухы асқақтайды, – деді Мемлекет басшысы.

26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтетін айтулы аламанда 80 казакстандық спорттың 25 түрін 92 жолдама жеңіп алған еді. Отандастарымыз бокс, дзюдо, спорттық гимнастика, жеңіл атлетика, байдарка мен канозе есу, окпен ату, семсерлесу, грек-рим күресі, еркін күрес, садақ ату, стөндік ату және теннистен сығна түседі. Сондай-ақ олар велошоссе, жузу, заманауи бөсейіс, таэквондо, велотрек, батут гимнастикасы, бадминтон, академиялық есу, көркем гимнастика, триатлон, үстел теннисі және брейкингтен жарыс жолына шығады.

Айта кетсек бокстан Қазақстан ерлер құрамасы Олимпиадаға толық құрамда барды. Ал еліміздің әйелдер құрамасы тұңғыш рет жазғы ойындарда үш спортшыға сенім артып отыр. Сондай-ақ брейкинг пен бадминтоннан бізге тұңғыш рет Олимпиада жолдамасы бұйырды. Өкініштісі, биылғы



бөсекке алғаш рет әйелдер күресінен отандастарымыз сырт қалды. Еліміз бірден гимнастиканың үш түрінен (батуттық, спорттық және көркем) алғаш рет жазғы Олимпиадада сығна түседі. Тұңғыш рет нысана көздеуден еліміздің атынан алты спортшы барса, семсерлесуден командалық жарыста бақ сынауға мүмкіндік алды. Ел құрамасынан 54 атлет жазғы ойындарда тұңғыш рет бақ сынады. Ал жеңіл атлет Ольга Сафронова мен академиялық есу шебері Владислав Яковлев жазғы ойындарға төртінші рет катысады. Сондай-ақ Елдос Сметов (дзюдо), Кирилл Герасименко (үстел теннисі) және Елена Потопенко (казіргі бөсейіс) өздерінің спорттық мансабында үшінші мәрте басты сығна келіп отыр.

Бүгінде Қазақстан қоржынында 3 медаль бар. Оның біреуі алтын, екеуі қола. Алғашқы қола медальді Ислам Сатпаев пен Александра Ле пневмотикалық винтовкамен оқ ату бөсексінде Германия құрамасынан басып түсіп, қоржынға алғашқы қола медальді салды.

Алтын медальді Дзюдодан Ұлттық құрама көшбасшысы Елдос Сметов (60 келі) финалдық белдесуде Франциялық Лука Мхеидземен күресіп, қарсыласынан басым түсті. Осылайша Елдос Сметов Жаксылық Үшкемпіровтен кейін олимп шынын бағындырып, есімін казак спорты тарихында алтын әріппен қашап жазды. Тараздық татами шебері осыған дейін 2016 жылы Рио Олимпиадасында финалға шыққандымен қарсыласына есе жіберіп, күміс медаль жеңген еді. Ал Токиодағы ойындарда Торнике Чкадуаны жығып, үзік үмітті түйіндеген.

Тағы бір қола медальді дзюдодан 66 келіде Ғұсман Қырғызбаев жеңіп алды. Бұл жүлдеге апарар жолда ол мықты дзюдошыларды қапы қалдырды. Биыл бірде-бір жарыста жүлде алмаған дзюдошы мансабын аяқтар шақта олимпиада жүлдегері атанды. Мақтанышымыз бұл салмақтағы

басты фаворит саналған оңтүстіккореялық дзюдошы Ан Ва Ульди жеңді. Бұл дзюдошы Рио олимпиадасының күміс, Токио олимпиадасының қола жүлдегері әрі 2015 жылғы эдем чемпионы. Одан кейін спортшымыз Франция үміт арқан Валид Хирды таза жеңіспен жығып кетті. Бірақ жартылай финалда бразилиялық Уильян Лимадан жеңіліп қалды. Ғұсман үшін Париж



олимпиадасының қоласы мансабындағы «ең бағалы жүлде». Өзі айтқандай спорттағы жолын аяқтап жатса, бұл қола медаль оның карьерасына қойылған әдемі нүкте болмақ.

Қызылордалық спортшылар 2008 жылдан бері Жазғы Олимпиада ойындарына катысып жүр. Қазірге дейін казакстандықтар барлығы 71 медаль еншілеген. Оның 14-і – алтын, 21-і – күміс, 36-сы – қола. Олардың арасынан былғыры қолғап шеберлерінің жеңіс олжасы көп жайды айғақтайды. 2012 жылы қызылордалық Марина Вольнова (75 келі) әйелдер боксында қола жүлде еншіледі. Ал 2020 жылы Қамшыбек Қоңқабаев (91

келі) үзік үмітті түйіндеді. Оған қоса 2016 жылы ауыр атлетикадан жерлесіміз Александр Зайчиковтің (105 келіден жоғары) күміс жүлдесіне қуана қол соққан едік. Сондай-ақ облыстан дзюдошы Жанар Жанзүнова, таэквандошы Айнұр Есбергенова, гандболдан ұлттық құрама сапында қызылордалық спортшылардың ел намысын қорғап қайтқанын әлі ұмытқан жоқпыз.

Қазірге дейін Олимпиадада былғыры қолғап шеберлері 24 медаль еншілеген. Қазақстандық боксшылар 7 алтын, 7 күміс, 10 қола медаль алды. Токио Олимпиадасында қола жүлде алған жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев екінші Олимпиадасына катысты. Өкінішке орай қызылордалық былғыры қолғап шебері алғашқы жеке-жегінде жеңіліп қалды. Боксшымыз 2023 жылғы эдем чемпионатының қола жүлдегері испаниялық Айюб Галфа Дриссиге есе жіберді.

Алғашқы раундта Қамшыбек 3:2 есебімен алға шыққан. Екінші кезеңде төрешілер 4:1 есебімен жеңісті қарсыласқа берді. Ал соңғы шешуші раундта жеңіс казак боксшысына берілгенімен, жалпы жеке-жекте жеңіс испандық боксшының еншісінде кетті. Осылайша оның қарсыласы ширек финалға өтті. Мамандар аса ауыр салмақта шаршы алаңға шығатын боксшының басты



қарсыласы өзбекстандық Баходир Жалолов деп санаған. Назар аударатын жағдай кейінгі жеке-жектің барлығы өзбек боксшысының жеңісімен аяқталып жүр. Екі былғыры қолғап шеберінің жолы бұдан бұрын Ханчжоудағы Азия ойындарындағы финалға түйісті. Бұл жолы да Қамшыбек Баходирдің осал тұсын таба алған жоқ.

Сондай-ақ мамандар тарапынан грек-рим күресінен қызылордалық Айдос Сұлтанғали да жүлделі орынның бірінен көрінеді деген жорамал айтылуда. Төрт жыл бұрын Токио төрінде чемпион атанған кубалық Луис Орта Санчес қазір 67 келі

салмақта бөзілемге шығады. Ендігі кезекте аталған салмақта қырғыз балуаны Жоламан Шәршенбеков мықты атанып отыр. Жоламан екі дүркін эдем чемпионы (2022, 2023), эдем біріншілігінің екі дүркін күміс жүлдегері (2018, 2021) болған. Соңғы үш жылда өткен Азия чемпионатында Жоламанға тең келер ешкім болған жоқ. Оған қоса Айдоспен бірге жапондық Кэнтитиро Фумита, өзбекстандық Исламжон Бахромов, әзербайжандық Мұрад Мамадов, молдовалық Виктор Чобану, қытайлық Цао Лиго, туркиялық Энес Башар, кубалық Кевин де Армас, ирандық Мехди Мохсеннеджад, алжирлік Абделькарим Фергат жүлделерді сарапта салады.

Сондай-ақ дзюдодан жерлестеріміз Абылайхан Жұбаназар (81 келі) мен Нұрлыхан Шархан (100 келі) ел намысын қорғайды. Олардың алғашқы қарсыластары анықталды. Абылайхан екінші айналымда венгриялық Атилла Унгвари, Нұрлыхан бельгиялық Тома Никифоровпен тайталасқа түседі. Әрине, жерлестеріміз қазірге дейін сан алуан сайыстарда елді абыроймен қорғап жүрген тәжірибелі балуандар. Айтулы аламанға алғаш рет катысып отырса да, жанкүйерлерді жүлделі орындармен қуантады деген ойдамыз.

Жанкүйерлер үшін Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина Олимпиада ойындарына катыспайтыны күтпеген жаңалық болды. Оның есімін Олимпиаданың ресми сайтында жеке-кейі сындағы және микстегі сеткадан алып тастаған. Жекелей сында оны австралиялық Дарья Звонил алмастырды. Ал миксте ол Александр Бубликпен жұп құрайтын еді. Қазақстанның Туризм және спорт министрлігі мұның себебін Елена Рыбакинаның денсаулығына байланысты деп түсіндірді. Қазір Елена жіті бронхит ауруына шалдыққан көрінеді. Дәрігерлер оған қорқа шықпақ түглі, тіпті ұшақпен жарысқа ұшып баруына да қатаң тыйым салған тәрізді.

Айта кетсек Олимпиада ойындарының бойтұмары ретінде кішкентай фригиялық қалқашалар саналатын Фрижи таңдалған. Олар еркіндіктің, инклюзивтіліктің және адамдардың үлкен және ақылға қонымды істерді жақтау қабілетінің мықты символы ретінде қызмет етеді. Фрижи қызыл, ақ және көк түстерімен боялған.

Биыл Олимпиада ойындарына сатылған билет саны да рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл туралы Халықаралық Олимпиада комитеті хабарлады. Бүгінге дейін 8,8 миллион билет сатылып кеткен. Бұған дейінгі рекорд Атланта Олимпиадасында 8,3 млн билетті құраған еді.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Эйфель мұнарасының етегіндегі Трокадерода орналасқан «Чемпиондар саябағында» марапатталады.

8 - бетте

АУДАН 80% ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ...

Шиелі ауданының экономикалық даму динамикасы көш ілгері. Мұны өткен жылы тартылған инвестиция мен ауыл шаруашылығы көлемінен-ақ аңдауға болады. Ал биылғы жеке бұдан да жоғары. Мысалы, қазір өндеу өнеркәсібі көлемі 18 млрд. 806 млн. теңгеге жетсе, инвестиция көлемі 25 млрд. теңгеден асқан. Инфрақұрылым ауқымы ұлғайып, жұмыспен қамту қаржын алды.

Бұл – ресми есеп-қисаптың бір бөлігі. Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен жиында Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов өзге де жағымды жаңалықты бөлісті. Басым дені халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Өсіресе, жыл басынан бері 1618 жұмыс орны ашылып, кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету ұлғайған.

Шиеліде кәсіпкерлік әлеуеті жоғары. Мәселен, жартыжылдықта 183 жоба бойынша несие беріліп, 254 адам жұмыспен қамтылды. Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 75 жоба қолдау тапқан болатын. Оның ішінде асыл тұқымды мал және құс шаруашылығы бойынша 8, балық және омарта шаруашылығы аясында 16, егін шаруашылығы бойынша 16, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бойынша 4 және басқа бағытта 31 жоба қаржыландырылды, – деді аудан әкімі.

Кейінгі жылдары өкімдік аудандағы инфрақұрылымды дамытуды жетілдіре түскен. Ауызумен қамту, газдандыру, жол салу көрсеткішінде көп өзгеріс байқалады. Мысалы, аудан бойынша 39 елді мекеннің 95 пайызы сапалы ауызумен қамтамасыз етілген. «Қызылқайың», «Қосүйеңкі» елді мекендерінде ауызу жүйесінің құрылысына 447 млн теңге бөлініп, пайдалануға

берілген. Биыл «Ақтам», «Лесхоз» елді мекеніне су тұштығыш орнатуға аудандық бюджеттен 40 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде Шиелі ауданы 100 пайыз сапалы ауызумен қамтамасыз етілетін болады. Тұрғындар тарапынан электр желілерінің жай-күйі туралы мәселе көп көтерілетін. Өткен жылы 22 ауылға трансформатор орнатылса, биыл бұл бағыттағы жұмыстар екі кезеңге бөлінген. Алғашқы кезеңде 719 млн. теңге бөлініп, тозығы жеткен трансформатор мен электр желілері ауыстырылуда. Екінші кезеңде желілерді қайта құрылымдау жүргізілмек. Екі кезең сәтті жүзеге асса, 38 мың тұрғын сапалы электр энергиясын тұтынады деген сөз.

Есте болса өткен жылы «Еңбекші», «Жиделіарық», «Бестам», «Ө.Тәжібаев», «Алмалы», Досбол ауылдары «өгілдір отынға» қосылды. Жыл аяғына дейін бұл қатарға «Ортақшыл» елді мекені де қосылмақ. Нәтижесінде ауданды газдандыру көлемі 80 пайызға көтеріледі деген болжам бар.

– Қазіргі таңда аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 8 шақырымын қайта жаңғыртуға, Тәуелсіздік, Дәулеткерей, М.Шоқай көшелерін күрделі жөндеуге қаржы бөлінді. Сондай-ақ «Самара-Шымкент-Желек», «Шиелі-Қарғалы-Байкөкне-Жаңақорған» жолдарын, «Самара-Шымкент-Қодаманов» көпірін жөндеу жоспарланған, – деді аудан әкімі.

Биыл Шиелі ауданында 31 501 гектар жерге егін егілсе, оның 12918 гектары, яғни негізгі үлесін күріш егістігі құрайды. Сондай-ақ ауданда егінді әртарапандыруға ерекше ден қойылған. Мәселен, 1421 гектарға бидай, 1250 гектарға тары мен жүгері, 9923 гектарға

малазықтық дақылдар мен 5495 гектарға бақша дақылдары орналастырылған. Ауданда суды үнемдеу мақсатында тамшылатып суару әдісімен 2050 гектар жерге көкөніс және бақша дақылдары егілген.

– Биыл ауыл шаруашылығы саласы бойынша 4 млрд. 496 млн теңгенің өнімі өндірілді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және импортты азайту мақсатында әр отбасының өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарымен 1550 гектар жер дайындалып, бау-бақша өнімдері егілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдары бүгінде жаңа үлгідегі техникалармен толыққан. Техника паркі кейінгі 4 жыл көлемінде отандық және шетелдік техникалармен 63 пайызға жаңарды. Биыл жаңадан 30 ауыл шаруашылығы техникалары алынып, 1,1 млрд. теңге инвестиция тартылды, – деді Нұржан Сөбітұлы.

Күрішті суға бастыратын жауапты сәтте су мамандары белсене еңбек еткен. Олар шаруашылықтарға 59 су насосуын қойған. Сондай-ақ «Шиелісуар» өндірістік учаскесі теңгерімдегі 5 каналды, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы 6 каналды тазалап, сындарлы сәтте абырой таныта білген.

Сырдария өзеніндегі су жағдайын реттеу мақсатында аудан аумағындағы «Шиелі-Телікөл», «Бұлақты», «Тарша», «Ошақты», «Қалғандария», «Таушұқырой» және Ханжоба көлдер жүйесіне 367 мың текше метр су жіберілген. Нәтижесінде соңғы он жылда су бармаған көлдер мен шабындық-жайылымдардың 98,5 пайызына су жетіп, қолайлы жағдай қалыптасып отыр.

100 ПӘТЕР САТЫП АЛЫНАДЫ

Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жыл сайын жақсаруда. Оның дәлелін аудан бюджетінің артуынан көруге болады. Жыл басынан атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндаған аудан әкімі Жандос Еркінбек өр сала бойынша көрсеткіштерге тоқталды.

– Қазіргі таңда аудан бюджеті 17 млрд. 177 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 18,4 пайызға артып отыр. Оның ішінде ауданның өз кірісі былғыға 2 млрд. 441 млн. теңге болып, былтырғыдан 386 млн. теңгеге өсті. Макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша да барлық салада өсім бар. Жалпы аудан ауыл шаруашылығына негізделген аймақ. Сондықтан макроэкономикалық көрсеткіштерді басым бөлігі осы саладағы жетістіктерге байланысты. Биыл жалпы көлемі 25231 гектарға егін орналастырылса, оның ішінде күріш көлемі 13270 гектар. Былтырғы жылмен салыстырғанда күріш егістігі 500 гектарға қысқарды. Облыс басшылығы су жетіспеушілігі мәселесін оңтайлы шешуге ықпал жасап, әрбір шаруашылықтың қажетті көлемде су алуына жағдай жасалуда. Ендігі кезекте диқандар су көлемінің аздығы, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қиындықтарды бірге еңсеріп, егінге уақытылы күтім жасап, өнімін алғанға дейін аянбай еңбек етеді деген сенімдеміз, – деді Ж.Еркінбек.

Қазіргі уақытта әр тұрғынның өзін-өзі көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуіне де мүмкіндік қарастырылған. Оған 408 гектар бақшалық жер дайындалып, 930 отбасының үлесіне беріліпті. Сонымен қатар су үнемдеу технологияларын пайдалану бойынша жаңғырлатып суару тәсілімен 45 гектар жоңышқа, 13 гектар көкөніс-бақша дақыл егілген. Мал шаруашылығы бойынша да мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен өсім қалыптасуда. Ауданның экономикалық дамуына тікелей әсер ететін шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында ірігерілеу бар. Үш мыңнан астам шағын және орта кәсіп иесі ісін дөңгелентіп келеді. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде жалпы құны 795,2 млн. теңге болатын 52 жобаға несие беріліп, 77 азамат 113,7 млн. теңгенің грантын алды. Жыл аяғына дейін қосымша 109 адамға грант беру жоспарлануда.

Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 45 жобаға 297,6 млн. теңге несие берілген. Ал биыл жалпы құны 540,8 млн. теңге болатын 78 жобаға несие беру арқылы 92 жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Несие алуға ниет білдірген 71 кооператив және 71 жеке кәсіпкердің жобасы іріктеліп, комиссия қарауына ұсынуға әзір. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жобалар іске қосылып, бірқатарының құрылысы жүргізілуде. Атап айтқанда, өнеркәсіп саласы бойынша 3 жоба жүзеге асты. Ол мамыр айында Жосалы кентінде «АНК-Даулет» ЖШС газоблоктар өндіретін шағын зауыты, «Жаңажол» ауылдық округінде наубайхана және кондитерлік цехы, «Төретам» кентінде «С-тройка» өндірістік кооперативінің бетон бұйымдарын өндіру цехы іске қосылды.

Тұрғындарға қызмет көрсету және сауда саласында да оң көрсеткіштер бар. Жосалы кентінен жеке кәсіпкер «Мағжан» дәмханасын ашып, 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жобаны іске асыруға «Ұлттық жоба» және «Бірыңғай кешенді бағдарлама» шеңберінде 55 млн. теңге несие алған. Сондай-ақ «Адина» сауда орталығының құрылысы жүруде.

Осы жобалар нәтижесінде халықтың өмір сүру сапасын арттырып, түрлі әлеуметтік нысандар салуға мүмкіндік туады. Бұл ретте аудан әкімі жеке тұрғын үйі жоқ Жосалы кентіндегі халықтың әлеуметтік осал топтарына және кезекте тұрған азаматтарға 100 пәтер сатып алынатынын айтты. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

«Төретам» және «Ақай» елді мекенін газбен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілген. Атап айтсақ, «Ақай» ауылындағы табиғи газға қосу жұмыстары аяқталып, өткен жылғы қараша айында пайдалануға беріліп, 672 тұрғын үй газға қосылды. Одан бөлек 705 адамнан өтініш түсіп, табиғи газға қосылуына рұқсат берілген. Ал «Төретам» кентінде маусым айында 206 үй табиғи газға қосылды.

Аудан бойынша маңызды Дүр Оңғар ауылына дейінгі және ауылышылық газ желісінің құрылысына облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу барысы реттелуде. Ауылға газ жеткізілген жағдайда сол аймақтағы 10 елді мекенді газдандыруға мүмкіндік туады. Осы жобалар іске асса, аудан тұрғындарын газбен қамту үлесі артады. «Ііркөл» және Төребай би ауылдарына дейінгі және ауылышылық газ желісінің жобасын әзірлеуге аудандық бюджеттен 34,2 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, «Жосалы» кентінде жаңадан ашылған «Тәуелсіздік» ықшам ауданының үйлеріне газ желілерін жеткізу құрылысы жүргізілуде. Ауызу жеткізу үшін су құбыры да тартылуда. Тұрғындар үшін әзекті мәселе болған Мырзағалиева көшесіндегі теміржол өткелі құрылысының жоба-сметалық құжатты мемлекеттік сараптамаға жіберілген.

Ауданда электр желілерінің тозығы жеткен. Сондықтан қайта жаңғыртуды қажет етеді. Биыл 3 елді мекенге қаржы бөлініп, жарық беру желілері жаңғыртылуда. Аудандық бюджеттен «Қуандария», «Ақжар», «III Интернационал», Алдашбай ахун, Қармақшы ауылдарының электр желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім өткізілді. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен жұмыс атқарылады.

Жалпы, ауданда алты айда атқарылған шаруа көп. Жол құрылысы, абаттандыру, аяқсу, тазалық жұмысы күн тәртібінен түскен емес. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі жетілдіре түсуге мүмкіндік бар.

Бетті дайындаған: Мұхаммедшах КАЮП



Мемлекет және қоғам қайраткері Сейітбек Шаухамановтың дүниеден өткеніне де біршама уақыт болды. Артына өшпес өнегелі із қалдырған қайталанбас тұлға жәйлі ойға түйгенімді қағаз бетіне түсірген едім. Енді соныма жол берейін.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап, облыстың экономикасы мен мәдениетін өркендету бағытындағы сан-салалы жұмыстың қайнаған бел ортасында жүрген жастардың арасында бір топ іскер кадрлар легі өсіп шыға бастады. Олардың әрқайсысы бәйгеге түскен жүйріктей еңбектің қайнаған қазанынан суарылғандай бір-бірінен дараланып, жылдыздай жарқырап көпшіліктің, халықтың, басқару органдарының назарын аудартпай қоймады. Уақыт өткен сайын іштерінен ұзаққа шабатындары оқшаулана түсті, із, оқшаулана түсті. Шын мәнісінде кадрлардың өсуінің өзі, олардың лауазымдарының көтерілуі адамдардың жарияланбаған өмір жарысы екендігінде.

Ұрпақтан ұрпақтың асып түсуі, қоғамның одан әрі ілгері қарай дамуының басты шарттарының бірі. Бұлдан ұғатынымыз, әр кезең қоғамның ілгері дамуына ықпал ететін тұлғаларды дүниеге әкеледі. Бұл бұлжымас өмір заңы.

Ақыл мен жігер, тапқырлық пен табандылық, кісілік пен кішіпейілділік, әділдік пен адалдық, іскерлік пен біліктілік, сабырлық пен шешендік сияқты қасиетті бір басынан табатын азаматты кездестіріңіз бе деп сұрай қойса, онда мен айтар едім, тап осындай қасиетті бір басына тоғыстырып, соның нәтижесінде ел-жұрт әлде қашан мойындаған, айтулы да, арқалы істерді тындырған азамат Сейітбек Шаухаманов дер едім.

Сейітбек Шаухаманов бұрынғы одақтың тұсындағы облыстық партия комитетінің соңғы хатшысы және тәуелсіз Қазақстан Республикасы көк байрақ көтерген кезеңде облыс әкімшілігінің бірінші басыншы, бірінші облыс әкімі, бірінші сенатор. Егемендігіміз бен елдігіміздің алғаш қалыптасу барысындағы тар жол, тайғақ кешуде саяси-экономикалық реформаларды тұңғыш рет ұйымдастырушылардың, мемлекеттігімізді нығайтуға белсенді ұйытқы болушылардың бірі. Ол Қызылорда облысын басқарған

Сейітбек Шаухаманұлы Қазақстан КП Орталық Комитетінде жауапты қызмет атқарып, ҚР көші-қон және демография агенттігінде басшылық жұмыста болған. Ол КОПК мен Қазақстан Компартиясы Орталық комитеттерінің мүшелігіне сайланған, XI және XII шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Бірнеше рет облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық кеңес депутаты болды. «Қазан революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендері мен бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында Отандық «Құрмет» орденінің иегері атанды. 2009 жылы «Парасат» орденімен, Қазақстан мен Өзбекстанның Құрмет грамоталарымен марапатталған. Хорезмнің, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Жанакорған ауданының «Ғасыр адамы», Облыстың жеті ауданының «Құрметті Азаматы», «Экономика ғылымдарының кандидаты», «Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі», саясаттанушы.

кезде Сыр топырағында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің басшылары бас қосып, Арал проблемасы туралы келелі кеңес өтті. Арал өңірі тұрғындарын әлеуметтік қорғау жөніндегі Заң қабылданды.

Ол өзінің «Арал тағдыры – Адам тағдыры» деген жазбасында:

Сыр елінде Қызылордада 1993 жылы 26 наурызда сондай бір әлемдік маңызы бар, тарихи оқиға болды. Арал проблемаларына арналған Халықаралық конференция болып өтті.

Берісі Сыр бойы, әрісі бүкіл жер шары үшін бұл күнде аса ірі проблемаға айналып отырған Арал мәселесін шешуде ерекше орын бар бұл шараға Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қырғызстан президенті Аскар Ақайұлы Ақаев, Өзбекстан президенті Ислам Әбдіганиұлы Каримов, Тәжікстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Эмомали Шарипұлы Рахмонов, Ресей Федерация Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Георгий Степанович Хижа мырзалар қатысты.

Бұл өңірде, Қызылордада бұрынды-соңды мұндай жоғарғы мәртебелі, халықаралық маңызы бар ауқымды шара өткен емес. Еліміз үшін, Арал тағдырының бүгінгі мен болашағы үшін теңдесі жоқ бұл маңызды мәслихат ортақ ойменен, түбірлі пікірмен, терең түсіністікпен, асқан ұйымшылдықпен өтті.

Бұл халықаралық, мемлекетаралық саяси, әлеуметтік шараның жоғарғы дәрежеде өтуіне елдің, жердің егесі есебінде біздер елеулі үлес қостық; - деп жазған еді.

Облыста мұнай өндіру қолға алынып, түбегейлі жаңа өндірістік сала игеріліп, облыстық телелідар мен агро-

инженерлер институты ашылып, тамаша диагностикалық кеңес беру – емдеу орталығы және көп салалы жаңа облыстық аурухана салынды. Басқа да іргелі істер жетерлік.

Кісінің жолын ашып, алға бастайтын күдіретті күштің бірі – оның халқына деген, оның қай салада болмасын өркендеуіне деген шексіз ықыласы мен құрметі. Содан болса керек-ті ол қай жұмысты болмасын тез менгеріп, тез көзге түсетін. Тағы бір айрықша қасиеті, ол өзімен кездескен адамның ықыласын сиқыршыдай аударып, айтқан пікірлерінің дұрыстығына тез сендіре алатын. Оның аңғарымпаздығы мен адамдарға деген сезімталдығының өзі оны білетіндерді қайран қалдыратын.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті басқаларда сирек болатын құбылыс еді. Ол бұл қасиетін, әсіресе облыстың бірінші басыншы болған кезде кенінен көрсете білді. Өйткені оның облысты басқару кезеңі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өмірдің өзі туындатқан жаңа реформалармен тұспа-тұс келді. Бұл кезде мұндай жаңалыққа еңбекші халық та, басты орындарда жүрген кадрлар да толық дайын емес-ті. Бір сөзбен айтқанда елімізде нарықтық экономиканың қалыптасуына Сейітбек Шаухаманұлының қосқан үлесі қомақты. Әсіресе, ол облыс көлеміндегі қайсыбір саладағы болмасын кадрларды басқалардай қалай болса солай алмастырудан аулақ болды, халық шаруашылығының басқару құрылымының қанша рет өзгергеніне қарамастан елдің экономикалық ахуалы мен саяси өмірін бірқалыпты ұстап, облыс халқын жаңа заманның жаңа міндеттерін орындауға жұмылдыра білді.

Бір кездері ол Жалағаш аудандық партия комитетінде екінші хатшы болып қызмет атқарған-ды. Ал мен болсам аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісімін.

Ол кезде аудандық партия комитетінің аппарат жұмысындағы жауапты қызметкерлер уақытпен санасу дегенді білмейтін. Олар аудандағы 1500 коммунистің ішінде жұмыста ысылған комсомол, кәсіподақ, бастауыш партия ұйымдары деп аталатын мекемелерден өткен білімді де, саяси сауатты кадрлардан іріктелген еді.

Хатшылардың өзара жұмыс бөлісуіне қарай жетекшілік жасайтын салалары да алдын ала анықталатын, соған сәйкес ол аудандағы бүкіл малшаруашылығы жұмысына басшылық жасайтын. Оның басты себебі ауданда мал шаруашылығы саласында жөндсеуді өмір талабына сай қолға қоюды талап ететін жұмыстар баршылық болатын. Оны Шаухамановтай басты ғана жолға қою алады деген сенім бірінші хатшының көңіліне мықтап ұялаған еді. Шын мәнінде солай болды да. Ол мал шаруашылығы саласындағы басшылық жұмыстарға еңбекте ысылған, мал шаруашылығынан хабары бар жас мамандарды тарту, қызметке орналастыру, оларды қолдап отыру мәселесіне айрықша назар аударатын. Бұл жөніндегі ұсыныс – пікіріне аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Төрешұлы үнемі оң баға беріп отыратын. Соның нәтижесінде бұл жылдар ішінде бұл саланың басшылары мықты-мықты маман кадрлармен толықтырылды. Атап айтатын болсақ: мал шаруашылығы цехының бастықтары болып «Калинин» атындағы кеңшарда Қыдырбай Бекжанов, Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы кеңшарда Аралбек Қаршығаев, «Жаңаталап» кеңшарында Абілкасым Молдашев, «Коммунизм» кеңшарында Сейтқан Аманжолов, «Мәдениет» кеңшарында Ахмед Дөнешов, «Тан» кеңшарында Мұрат Ойнаров, «Ақсу» кеңшарында Амангелді Елібаев жұмыс жасаса, бас зоотехниктер болып «Ақкыр» кеңшарында Тұрсын Дүйсебаев, «Жалағаш» кеңшарында Рахманберді Тілеуімбетов, «Жаңадария» совхозында Әбілкасым Әмзеев сынды азаматтар еңбек етті.

ҚАЙТАЛАНБАС АДАМ

(ессе)

Ол мал шаруашылығына жетекшілік жасаған жылдары аудан кеңшарларының барлығында дерлік мал жемін дайындайтын цехтар салынып, осы озат тәжірибені облыстың басқа шаруашылықтарына тарату жөнінде облыстық партия комитетінің арнайы шешімі болды. Сол сияқты сүт дайындау цехы да осы кезеңде, сүт өндіретін кеңшарлардың өндірісінде іске асырылғанды. Бұл жылдары аудан кеңшарларында 110 бас қой, 23 000 мүйізді ірі қара, 5 000 бас жылқы, 2 000 бас түйе мал бар болатын. Мемлекетке ет, сүт, жүн, қаракөл елтірісін тапсырудың халықшаруашылық жоспары жыл сайын артығымен орындалды. Мал басын өсіру, оны аман сақтау, төрттүліктен жоспарға сай төлу алу жұмыстары да уақыт талабына сай келді. Осындай қайнаған қызу еңбектің бел ортасында жүрген ол өзіне сеніп тапсырылған жұмысты аса үлкен жауапкершілікпен атқара білді. Содан бері де отыз жылдан астам уақыт өтіпті-ау өзі. Осы мерзім ішінде қоғам да өзгерді, қоғамның өзгеруімен бірге өмір де өзгерді. Өйтсе де өткен уақытта атқарылған жұмыстар жайлы еске алып, оның басына қасында болған ел азаматтары жәйлі жас ұрпаққа жеткізіп отыру үлкендердің борышы десем артық айтқандық бола қоймас.

III

Орыстың атақты жазушысы А.П.Чеховтың «Адам бойындағы нәрселердің бәрі: жүзі мен киімі де, ішкі дүниесі мен ойы да бір-бірімен жарасып, тамаша болуға тиіс», «ақыл-ойы жағынан айқын, адамгершілігі жағынан таза, дене құрылысы жағынан тартымды болуға тиіс» деген

ӨМІРБАЯНЫ

1939 жылы 15 мамырда Қызылорда облысы Жаңакорған ауданының Өзгент ауылында дүниеге келген. Қожа руынан шыққан. Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын (1962ж.) және Алматы жоғарғы партия мектебін бітірген (1982ж.). 1962-1965 жылдары Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Қазуышаруатехникасы» бірлестігінде механик, инженер жетекшісі болып қызмет еткен. Қатардағы инженерден облыстың бірінші басыншына дейін өскен. 1965-1991 жылдары Совет Одағының коммунистік партиясының мүшесі болған. Қазақстандық Лениндік коммунистік Жастар одағында Қызылорда облысының Сырдария, Терезек аудандарының алғашқы хатшысы. 1975-1980 жылдары Жалағаш ауданының екінші хатшысы болып жұмыс істеген. Сейітбек Шаухаманов тәуелсіз Қазақстан Республикасы көк байрақ көтерген тарихи кезеңде Қызылорда облыс әкімшілігінің бірінші басыншы, бірінші облыс әкімі (1992-1995ж.ж.), бірінші сенатор болды (1998-1999ж.ж.). Егемендігіміз бен елдігіміздің алғаш қалыптасу барысындағы тар жол – тайғақ кешуде саяси – экономикалық реформаларды тұңғыш ұйымдастырушылардың, мемлекеттігімізді нығайтуға белсенді ұйытқы болған тұлғалардың бірі.

өнегелі сөздерін оқығаным бар-ды. Ойлап отырсам, осы айтылған қасиеттердің бәрі де «Адам бойындағы нәрселердің бәрі» табылады десем артық айтқандыққа жатпайды. Ол қызмет жасаған жылдары жиналыстар көп болатын. Трибунаға шыққан шешендер жазып алған баяндамасын, немесе сөзін оқып шыққанша кейбір тыңдаушылар ұйықтап та қалатын. Ал, Сейітбектің трибунадағы мінезін өзі өзгеше болатын. Тікелей қызынып сөйлегені былай қойғанда ол кісі ұзақ баяндама жасағанын өзінде ешкімді жалықтырмай, не айтса да құлшынып, өз темпераментімен өзгелерді де еліктіріп алып кететін, кейде ойда жоқ тын мәселелерді айтып, көпті серпілтіп тастайтын.

Осы орайда оныма бір мәселе оралады. Жыл сайын өтетін шопандар жиыны, бақташылар жиыны, сауыншылар жиыны, міне, осылардың барлығында көбінесе екінші хатшы баяндама жасайтын. Ондайда Сейітбек осы тақырыпта бұрын жасалған баяндамаларын алдына алып отыратын-ды: Ал жігіттер, бұрынғы айтылып, жауыр болған сөзден аулақ болайық.

Жаңа ой тастайық, жаттандылықты қояйық, - деп жана міндеттер қоятын.

Сондай-ақ, оның алыстан орағытатынын аңғаратынымыз. Бір шаруашылыққа, не бір мекемеге бара калса ол дереу жұртпен мидай араласып кететін. Сол жылдары ол аудан территориясында өсіп шығатын шөптің барлық түріне, оның ішінде шенгел де, сексеуіл де бәрі-бәрі бар, солардың құрамында мал азығындық қуаттың қандай дәрежеде екендігін арнаулы лабораторияларға жіберіп анықтатқан еді. Өзі басқа ауданға қызметке ауысып кеткеннен кейін онымен ешкім айналыспады.

Бұл оның әркез жаңалыққа деген талпынысын жүретіндігінің бір мысалы. Оның облысты басқарған кезде өмірге «Жасыл өлке» атты бағдарламаны енгізгенін айрықша атап айтуға тура келеді. Өйткені сол бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде облыс көлеміндегі елді мекемелер мен үлкен жол бойлары жасыл желекке бөленіп, жаңа саябақтар пайда болды.

Жаз келіп қалды асығындар, жігіттер, Отыратын мезгіл емес бүгін бел. Өтті-кетті ауыр қысы тауықтың, Ит жылында молшылыққа үмітті ел. Ерік іске аттанатын тағы бір, Дихандардың аянбайтын шағы бұл, Жасы үлкеннің тілейтін алладан, Табағаттың атсын аппақ таңы кіл. Өтсек аумақ өтпелі осы кезеңнен, Болашақтан мол жақсылық сезем мен. Қиындықты талай бастан өткізген,

Қазақ деген қасиетті ел ежелден. Уақыттан ұтылмандар дикандар, Мезгіл емес ден сау болса күй таңдар. Басшы болсаң ер еңбегін құрметтеп, Терін сүртпін маңдайынан сипаңдар. Таразылап еңбегінің өлшемін, Артып отыр дихан саған ел сенім. Мақтан тұтып мәртебесі биіктеп, Көтерілер кезі келді еңсеннің. Арнап жазған ұсынысы халқына, Әрбір ұжым басшылыққа ал, талқыла. Айттып ашық қатал заңын нарықтың, Сейілбек деп қол қойыпты артына. Қыстың кетті құрсауланған мұз-қары, Таластамай сокқан дауыл ізғары, Кербез сұл келіншектер пісірген, Сыр елінің шырын қандай тұз-дәмі, - деп Ұзақ Еспанов ағамыз жырлаған еді. Ол бүгін істелетін жұмысты ергенге

десек артық айтқандық болмайды. Оған уақыт қуа.

Қатар жүргенде адам көп нәрсені байқай бермейтіндігі жасырын емес. Мүмкін, албырт жастықтың әсері болар. Уақыт өте барып, қызметтес болған уақытты еске алған сәттерде ғана көп нәрсенің байыбына бара бермегенімізді еріксіз еске алуға тура келеді.

Зейнеткерлікке шығып облыстық ардагерлер ұйымының тізгінін ұстаған күннен бастап, аты бар да заты жоқ, қозғалысыз жатқан бұл қоғамдық ұйымның тамырына қан жүгіртпін, ардагерлерді аяқтарынан тік тұрғызып, ұйқыларынан оятып, олардың Егеменді еліміздің тыныштығын сақтау, халықтар достығын нығайту, жастарға тәрбие беру, басқа да сан қилы шаралардың жүзеге асырылуына байыппен араласып

Мадақтамалары

«Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында отандық «Құрмет» орденінің иегері атанды. Қазақстан мен Өзбекстанның Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Хорезмнің Құрметті Азаматы. Қызылорда облысы, Жаңакорған ауданының Ғасыр адамы.

қалдыруды қаламайтын, басқалардан да осыны талап ететін.

Ол халықтың жақсы қасиеттерінің барлығын бойына сіңіре білген азамат. Оның халықтан үйренген, жинақтаған сол тәжірибесін кешегі ел басқару кезінде орынды пайдалана білді де.

Онымен қызметтес болған жылдары оның басқа да сан қырлы адамгершілік қасиеттеріне қуа да болдық.

кетулеріне жол ашқандығының бәріміз де куәсі болдық. Бұл жұмыстың басында сол кезде кім тұрғандығы айтпаса да түсінікті.

2008 жылдан бастап облыстық дәрежедегі «Сыр ардагері» бүгінгі «Ардагер айнасы» газетінің өмірге келуі, оның әрбір саналы адамның жүрегін жол тауып, тек ардагерлер ғана емес көпшілік қауымның сүйіп оқитын газетіне айналуының өзі ауыз толтырып айтуға тұрарлық жаналық емес пе?!

Сәкеннің, Сейітбектің шығармашылық еңбектерінің өзі тұтас бір дәуірде еңбек еткен тұлғалы азаматтар мен қарапайым еңбек адамдарының, солар арқылы сол қоғамның тарихи шежіресін көз алдымыздан кино кадрдей тізбектеп өткізетіндігіне риясыз риза болмасыңызға амалыңыз қалмайды.

Ол өзінің шығармаларында адамды, әсіресе, жастарды адамгершілікке, рухани тазалыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу бағытында терең ой қозғайды.

Оның жазған жазбалары өмірдендігімен қымбат. Кейіпкеріміздің қаламынан шыққан «Алтын алма, ақыл ал», «Бақтыңды бағалай біл», «Ер қанаты», «Мұхтар Әуезов Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы», «Иесі кім бұл елдің, киесі кім бұл жердің», «Парыз бен парасат» атты және басқа шығармалары мен кітаптарынан ұлылықтың белгілерін көреміз. Алайда ұлыстырудың бәрі бірдей барлық уақытта әрі орынды, әрі сәтті шыға бермейді. Десе де өз басыл осылай атауды енгізуге еншісіне айтатын мезгілі келді ғой деп есептеймін. Себебі оның өмір жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге, келешекке тәлімі мол қазына.

Сыр бойының қаймағы болған, Көкке көтеріл байрағы болған, Сөйлесе тандайы болған, Бетке ұстар маңдайы болған, Жүрегінде иманы тасқан, Реңінде ақ нұрын шашқан Көңілі-көгілдір аспан, Өмірі-таусылмас дастан. Ерім деп елі Құшағын ашқан, Азаматтықтың асуын асқан. Жау келсе айбатымен, Дау келсе қайратымен қайтарған, Айтатын сөзін айта алған. Бір басында қасиеттің бәрі бар, Басына бақ сыйлаған, Тақмына тақ сыйлаған, Жанында Жұпар атты жары бар. Сөздің көркі, сағасы болған, Екі көздің қарағы болған. Халқының баласы болған, Ақылшы – даны болған Інінің жағасы болған, Елінің ағасы болған.

Жетіскен Мәкеналы

Арнау сөзімді өзінің пайғамбар жасына келіп, алыс-жақынды жинаған өзінің мерейтойында:

- «Алла тағаланың шапағатымен ел-ағасы жасына келдім, лайым, ендігі жерде тілім ғайбат сөз айтпайтын болсын, көзім жаман нәрсені көрмейтін болсын, аяғым жаман жерді баспайтын болсын, қолым жаман нәрсені ұстамайтын болсын, бүкіл болымсыз жаманшылық атуалыдан аулақ болып, жақсылыққа жақын болсын», - деп тәңірге тұба етіп айтқан сөзімен аяқтауды жөн санадым. Бұл да болса ұлылықтың белгісі еді.

Енді оны білетіндер Азаматтың «топырағы торқа, жаны жаннатта, иманы жолдас болсын» деп тілек білдіреді.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Қызылорда облысының Құрметті ардагері
Жалағаш ауданының Құрметті Азаматы
28.07.2024 жыл

Киманхана

II

Мүсінші Барак «Найман-Ана» романын бұрын бір рет оқыған ғой. Жан дүниесі бірден лап етіп, керемет әсер алғаны да рас. Ой-санасы асты-үстіне келіп, бір үлкен өзгеріске ұшыраған. Бірақ бұл тек сезімге шабатын колма-кол әсер еді. Алғашқы әсердің әлі де тым үстірт, шалағай болғанын роман авторымен әңгімелескен соң барып ұғынды. Сөйтсе, тарихты түсіну үшін де біраз дайындық, арнайы білім керек екен ғой. Сондықтан Барак кітапты қайта оқуға кірісті. Ендігі мақсат - романды жәй оқу емес, көңілге тоқу.

Өткенде роман авторы баяндағандай, оқиға ХІУ ғасырдың алғашқы жартысында, шамамен 1330 жылдары өткенге ұқсайды. Наймандардың әлі де Шайбан әулетіне тиесілі Сібір хандығына қарап тұрған кезі. Жоғарыда айтылғандай, найман ханы Күшілік Шыңғысхан әскерінен күйрей жеңілген соң, қаһарлы қаған бұдан былай наймандардың басын біріктіруге тырысып, бүкіл Орталық Азияға тарыдай шашып жібергені мәлім. Наймандар осы

болатын. Будда, христиан діндерінен басқа, көпшілігі тәңір дінін ұстанушы еді. Сондықтан Ақорданы билеген Орыс хан әулеті мен Шайбани әулеті арасында кейде жерге байланысты, кейде дінге байланысты қалың халықтар жиі болып тұратын.

Бұл - найманның ұлыс бегі Ағанас батырдың Шайбанилер билеген өлкеде елден ерек ислам дінін қабылдап, Ақсопы атанған кезі. Үстіне ақ шапан киіп, ақбозат мініп, басына ақ шалма орап жүруіне байланысты «Ақсопы» атанса керек. Сібір ханы Жошыбек пен Ақсопы арасындағы қайшылық осыдан басталған. Жошыбек оны түстіктегі Ақордаға сатылды, Орысхан әулетіне бүйрегің бұралды деп кінәлайды. Ақсопының бұрын осы Сібір хандығы үшін еткен еңбегі, төккен тері лезде ұмытылады. Баһадүр ханның тұсында Ағанас ұлыстың бас батыры атанып, осы елдің іргесін кеңейткені, терістіктегі Ойрат пен қырғыздың шабуылына тосқауыл болып, қызынып келген жауды талай рет қызыл көтен қып айдап салғаны естерінен шығып кетеді. Қазір бәрі шеттерінен би,

аударсам қайтеді деп те лоблып қояды. Өйтейін десе, ежелгі атамекен Барқытбел мен Қара Ертісті қимайды.

Бірақ Ақсопы кеш қалды. «Қауің неден болса -ажалын содан» дейді ғой. Күні бұрын дайындалып, әдейі аңдып келген жау найман ауылдарын ес жинғызбай, бір-ақ күнде қапыда басып қалды. Қалың ел Барқытбел мен Қалба төсіндегі ен жайлауларынан етекке түсіп, Ертіс бойындағы күзеуде бейғам отырған кезі болатын. Күні бұрын өзеннен өтіп, терістіктен басылап келген жау әскері шырты ұйқыда жатқан ауылдарды тырп еткізбей қанға бөктіріп, Қалағандарынша олжа алып, мал айдап кетсе арман не, бұл жорықтың мақсаты - мал емес, жан, яғни адамдарды қырғынға салу секілді. Аяйтын түрлері жоқ, ерек атаулыны, тіпті бесіктегі балаға дейін найзаға шанышып келеді. Ағанастың үлкен ұлдары ылғи да «ерек тоқты-құрбандық» болып, бұрынғы соғыстарда мерт болған. Қазір қолында кенжесі Токпан мен ержеткен немерелері ғана бар еді. Солар дереу атқа мініп, қолдарына түскен қаруды ала

жерік боп, өгдеп тұрған - Атамқұл. Осыдан отыз жыл бұрын оның әжесі Керімқұлды бір соғыста Ағанас батыр жер қаптырған. Сол әжесінің кегін қуа кепті. Елге қорған болады деген Жошыбек, Боданқұлдармен жемтікес болған соң кімнен айбынсың, бір жақтан бұлғаға көмек келеді-ау деп қауіптенбей, асықпай еркін қимылдап жүр.

Қарсы шыққан азаматтарды қанға бөктіріп, Ертіс бойында қаз-қатар отырған ауылдарды тып-тыпыл еткен соң, қырғыз жасағы Ақсопы-Ағанастың ордасын қоршады. Бірнешеуі ішке кіріп кетіп, батырды лезде далаға сүйреп шықты. Қарттың төсекте жатқан бегі болса керек, үстінде ақ сисадан мол етіп тіккен көйлек-дамбалы, басында аппақ тақиясы бар. Өзі аппақ сакалы белуарына түскен, ұзын бойлы, еңселі кісі екен. Бір қолымен таяққа сүйеніп, қотан ортасына дейін келді де, «ал, не айтасын» дегендей, ат үстінде шіреніп тұрған Атамқұлға қасқая қарады.

Жасы елулерге енді келген енгезердей Атамқұл ұшына қан ұйыған ұзын сапты найзасын ердің қасына көлденең салып,

азған әулеті. Кешір, беймезгіл ұйқыңнан оятып жіберсем! - деп Атамқұл мардамсы күлді. - Бірақ мен айламы асырдым ғой осы жолы. Біліп қой: Әдейі түнделетіп, сенің ыстық қаныңды ұрттағалы келдім. Найманнан тұқым қалдырмай қырып бітір-сем, әкем Керімқұлдың кегі сонда қайтады. - Бірақ мен сенің әкеңді адал жекпе-жекте жеңдім ғой. Мына сен сияқты ұрланып барып, қапыда шапқан жоқ. - Бәрібір, қанға-қан, жанға-жан. Кегімді алмай тына алман...

- Онда неғып тұрсың? Жаналғышым сен болсаң, жұмысына кіріспейсің бе?

Осы кезде бұллардың қасына астындағы қаракасқа атын қарасуға түсіріп, үйелмендей біреу келіп тоқтаған. Ойрат нояны Байыр Мөңке осы екен. Жасы алыстан асса да қайраты қайтпаған, айдарлы қалмақтың өзі.

- Міне, менің құныкерім, әкемің түбіне жеткен Ағанас батыр осы, - деді Атамқұл найзасының ұшымен Ақсопыны нұсқап. - «Мені өлтір» деп өтініп тұр. Сен айтшы, не істейін? Найзамен шанышқаным жөн бе, әлде қылышпен басын қағып түсірейін бе?



НАЙМАН-АНА ЕСКЕРТКІШІ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ
(хикаяттар)

кезде әлі іргесі бөліне қоймаған түрік тайпаларының құрамына кіріп, олардың қатарын толықтырды. Ал ұлыстың ауқымды бөлігі Жошы иелігінде қалған көрінеді. Кейін Жошының ұлы Бату хан Еуропа жорығынан қайтып оралған соң, соғыста ерлік көрсеткен туыстарына олжа үлестіргенде, найманның негізгі бөлігін иісі Шайбанға телімге береді. Міне, романдағы оқиға осы Шайбанға қарасты наймандардың басына түскен ауыр халді баяндайды.

Шайбаннан кейін Сібір жұртын оның ұлы Баһадүр хан, сонан соң Жошыбек хан билегені мәлім. Бұл тұста бүкіл «Алтын Орда», оған сырттай бағынышты шығыстағы Ақорда халқы да мұсылмандыққа толық көшіп тек Шайбанилерге қарасты Сібір жұрты ғана исламға кіре қоймаған-ды. Қазағы, татары, қырғызы, ойраты аралас Сібір жұрты шұбар аттың жүніндей, қандай қырық құрау болса, олардың ұстанған діні де сондай ала-құла

шеттерінен батыр. Ұлдың өзі туғандай, келін өзі келгендей.

«Бір қызым бар сорақы, екінші қызым одан өткен сорақы» депті ғой баяғыда біреу Алжыған Жошыбектің әзірше тақтан таяр түрі жоқ. Ал болашақта тақ мұрагері болатын Боданбек одан өткен сорақы. Ол тіпті әжесінен өткен ұрда-жық, әпербақанның өзі. Жыл сайын алман-салық жинайтын кезде Боданқұлдың атарман-шабармандары қасқырша шауып, осы елдің шаңын аспанға шығарады. Быыл көктемде ел шетіне өртше тиіп, маза бермеген соң, Ақсопының кенже ұлы Токпан бастаған намысты азаматтар шыдамай кетіп, Боданқұлды нөкерлерімен қоса аттан аударып алып, біраз төмпештеп алғаны бар еді. Намысқой, шамшыл ханзада ол кегін ұмытты деймісің, қарымта қайтаруға бұл жаққа тағы бір соғатын шығар. Соны ойлағанда, бұл күнде жасы тоқсанға таяған Ағанас-Ақсопы қарауындағы ел-жұртын бастап, Жетісуға, не Ұлытау жаққа қоныс

салып, «қайт-қайтпап» жау алдынан шыққан болды. Бірақ сайланып келген күші басым жау олардың қарсылығын тез тойтарып, қанды қырғынды жалғастыра берді.

Соңынан мәлім болды ғой, бұл келгендер- бірлескен ойрат-қырғыз жасағы екен. Бұрын Ағанас батырдан талай рет жеңіліп, теперіш көргендер бұл күнде батырдың әбден қартайып, күлге аунаған қарт бұрадай шөгіп қалғанын естіп, өздерінше ош алуға келген бегі. Бұллардың Шайбани әулеті Боданқұлмен іштей астасып, соның айдап салуымен келгені бірден белгілі болды. Осылайша, ұзында ош, қысқалда кегі кеткен, ежелгі ата жау жан баласына аяушылық жасаған жоқ. Әу бастан жорыққа аттанғанда, найманнан тұқым қалдырмауды нысандан шыққан секілді. Еңкейген көрден бесіктегі балаға дейін тігерге тұяқ қалдырмай, ерек кіндіктің түгел жусатып салды.

Бұл жолы бір түмен қол бастап келгендер ойрат нояны Байыр Мөңке мен қырғыз манабы Атамқұл екен. Әсіресе, қазақтың қанына

шіренгенде үзенгісін үзе жаздап, ат үстінде мейманасы тасып тұрған-ды. Оның да көптен көкөсеген арманына жетіп, өзінше масайраған кезі болса керек. Екі бүктелген дырау қамшысымен Ақсопыны нұсқап:

- Найманның бас батыры Ағанас дегенге әжептәуір біреу ме десем, мынауың қаусаған шал ғой! - деп ауылды басына көтере қарқылдап күлді. - Мені бұрын танымасаң, жақсылап танып ал: Мен Керімқұл манаптың баласы Атамқұлмын!

- Атамқұл болсаң қайтейін? - деді қарт Ағанас көмейден күмбірлеп шығатын қоныр дауыспен. - «Құл құтырса құдықты былайды» деп, таң аптай ел-жұртты шулатып жүрген кім десем, сен екенсің ғой. Батыр болсаң, тал түсте туынды тігіп, тұрысатын жеріңді айтып, көрінуе келмейсің бе, тексіз неме?! Ұры-қарының жүрісі ғой - мыналарың!

- Иә, айтпақшы, сендер - асыл текті хан тұқымы екенсіңдер-ау! Кім еді алғи... Күшілік ханның ба, Бұйрық ханның ба,

- Ой, тәйір-ай, өзі өлейін деп қаусап тұрған шалға қылышыңды қандап қайтесің, - деді ойрат нояны ашы бірдене ішкендей бет-ауызын тыржытып. - Тілімді алсаң, сен бұл шалды тірі қалдыр.

- Неге?

- Елдегі ерек атаулыны бірін қалдырмай харап қылдық. Жол бастаушының айтуынша, бұл шалдың тұқым-жұрғатынан ешкім тірі қалған жоқ. Кенже ұрпақ Токпанды мен мана өз қолыммен о дүниеге аттандырдым. Токсандағы шалды өлтіріп қайтесің, жүрсін солардың күйің тартып. Тегінде, есінде болсын, адам баласына ұрпақсыз «қубас» атанғаннан асқан ауыр жаза жоқ. Егер сен ата жауынды шын қорлағың келсе, осылай қорла!

- Әй, Байыр, бір есегтен сенің бұл айтқаның да жөн-ау деймін, - деп, қырғыз манабы ойраттың сөзіне тез иланды. - Айтты-айтады, токсандағы шалға қылыш сілтегенім Атамқұл басыма жараспайтын шығар.

Жалғасы бар

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫ ҚАЙТА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА!

Шиелі ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Шиелі ауданы, Шиелі кенті, И.Өбдікерімова көшесі №11 мекен-жайында орналасқан «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 16 тамыз сағат 9:00 - ден бастап 2024 жылдың 2 қыркүйек сағат 19:00 - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рыскулов көшесі №6 мекен-жайындағы Шиелі ауданының әкімдігінің мәжіліс залы 2024 жылы 3 Қыркүйек күні сағат 10:00 - ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары

немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер

қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаны немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72432) 35-5-02, 35-1-19

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕГІ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН, ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығы мамандануы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11
1	Шиелі ауданы, Бәйтерек а/о	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 95 га басқа алқаптары 5 га	8	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
2	Шиелі ауданы, Ортақшыл а/о, Қызылқайың өңірі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 48 га басқа алқаптары 2 га	10	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
3	Шиелі ауданы, Ортақшыл а/о, Қызылқайың өңірі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 95 га басқа алқаптары 5 га	9	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
4	Шиелі ауданы, Сұлутөбе а/о «Ерімбет» өңірі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 48 га басқа алқап 2 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
5	Шиелі ауданы, Сұлутөбе а/о «Тәңірберген құдығы» өңірі	40	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 38 басқа алқаптары 2 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
6	Шиелі ауданы, Қоғалы а/о «Ертуған» өңірі	20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 18 басқа алқаптары 2 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
7	Шиелі ауданы, Қоғалы а/о «Арғынбай» өңірі	20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 18 га басқа алқаптары 2 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
8	Шиелі ауданы, Қоғалы а/о «Нап» өңірі	40	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 38 басқа алқаптары 2 га	8	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар
9	Шиелі ауданы, Қоғалы а/о «Болпынай» өңірі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 48 га басқа алқаптары 2 га	8	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен бар

Қызылорда қаласының әкімі С.Қожаниязов:

ӘЛІ ДЕ БІТКЕН ІСТЕН БІТПЕГЕНІ КӨП

Қала тұрғындарға тұруға, өмір сүруге қолайлы бола түсуде. Олай деуге себеп көп. Соңғы жылдары Қазақстанның «Дубайы» саналатын Сыр өңірінің инфрақұрылымы жақсарып, шаһар тұрғындарының өмір сапасын жақсарту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Мәселен 2024 жылы Қызылорда қаласы көшелерін, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру

үшін облыстық бюджеттен 12,7 млрд. теңге қаралған. Ол өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан. Қаланың көркі кіріп, көгалдандыру жұмыстары да тынғылықты іске асып жатыр. Биылдан бастап «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, ол шаһардың жасыл кейіпке енуіне мықтап кіріскен. Мекемеге биылғы жылға жалпы жергілікті бюджеттен

702,2. млн теңге бөлініп, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Осыдан тура бір апта бұрын қала әкімі Серік Қожаниязовпен бірге осы атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйімен танысып, бірқатар нысанды аралап қайттық. Кем-кетік болмау үшін шаһар басшысы сала мамандарына тапсырма беріп, тұрғындарға сапалы жағдай жасалу керек екенін еске салды.

«БІР ҚҰДЫҚТАН МЫҢ КІСІ СУ ІШЕДІ»

«Жасыл Қызылорда» мекеме қызметкерлері көгалдандырумен қатар, аяқсу беру маусымында атқарылуы тиіс жұмыстарды қадағалап, арықтарды бақылауда ұстайды. Ескі насостарды жөндеп, жаңасын алып, мотопомпаларды пайдаланды. Қазірде мекеме материалдық-техникалық базамен жарақтандырылып, түрлі жұмыс атқаруда.

Тынғылықты дайындықпен жылдағыдан ерте көктемде қалаға аяқсу берілді. Дегенмен, уақыт өте келе кейбір аумақтың тұрғындары тіршілік нәрінің жетіспеушілігін айтып, шағымданды. Әлеуметтік желілерде осы тақырып бойынша қызу пікірталас та туындады. Жағдайға байланысты жауапты саланың мамандары әрбір арықтың бойын жағалап, бөтелген жерлердің көзін ашты. Бұл тұста ерекше атап өту керек, арықтардың бөтелуі кейбір тұрғындардың, кәсіп иелерінің жауапсыздығы мен неміқұрайды көзқарасынан туындап отыр. Осындай оққи ниет салдарынан су диттеген жеріне жетпей келеді.

Қаладағы бірқатар нысандарды аралау барысында қала әкімі Серік Қожаниязов БАҚ өкілдерімен бірге К.Шөкенов көшесінде орналасқан жеке балабақшаның ерекетін әшкереледі. Олар арықты қоршап алып, су жолына кедергі жасаған.

- Су жолы ортақ мүдде үшін қызмет етеді. Арықты жеке иелігіне бұрып алуға және бөгеуге болмайды. Реті келсе, арықтарды таза ұстап, жолын ашып, жұртқа жақсылық жасағанға не жетсін! Қазақта «Бір құдықтан мың кісі су ішеді» деген сөз бар ғой, бұл да дәл солай. Бір арықтың суы қаншама аумақты суландырады.

Қызылорда қаласының климаттық жағдайын ескерсек, көгалдандыруда судың маңызы өте зор. Егілген гүлзар мен көшеттер аптап ыстықта солып қалуы мүмкін. Атқарылған жұмыс құр шығын болмас үшін аяқсудың ахуалын қадағалау маңызды.

Осы мәселе бойынша қала әкімі тиісті сала басшыларына бөтелген су арнасын ашып, оған кедергі келтірген азаматтарға заң шеңберінде шара көру жөнінде тапсырма берді.

Айта кеткен жөн қаланың ескі жолдарын түгел жөндеуден өткізіп, оны абаттандыру кезінде Қожа-Ахмет Ясауи көшесін құрылымдауға 725 миллион теңге, Н.Назарбаев даңғылын абаттандыру үшін 262,9 миллион теңге бөлінген.

Шаһар басшысымен бірге осы жұмыстарды көзбен көріп, аралап, атқарылып жатқан тірліктің жай-күйін көріп қайттық. Мұнан өзге орталық алаңды абаттандыруға меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен және облыстық бюджеттен жалпы 2 миллиард теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қала аумағында заман талабына сай 10 аялдама салу үшін 52,5 миллион теңге қаралып, олар толығымен орнатылды.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына сәйкес 332,6 миллион теңге қаралып, көшелерге науа желісі мен орталық зиратқа қоршау орнату, көпкөтерілі үйлерді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамыту және абаттандыру жұмыстары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және қаланың келбетіне оң әсерін тигізуге бағытталған. Қала әкімдігі алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, Қызылорданы Қызылордалықтар үшін жайлы, әрі әдемі қалаға айналдыруға бар күш-жігерін салмақ.

АПАТТЫ ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?..

Қызылорда қаласында апаттық деп танылған 68 көпқабатты тұрғын үй бар. Бұл үйлердің басым бөлігі Тасбөгет кентінде орналасқан. Жақында кенттің Амангелді көшесіндегі №3 үй тұрғындарынан өжіреге су толып, маса мазалайтыны туралы шағым түскен.

Осыған байланысты қала әкімі Серік Қожаниязов аталған аумаққа арнайы барып, тұрғындармен кездесті. Үйдің өжіресіне түсіп, жағдайды өз көзімен көрген әкім тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында жауапты мекемелерге өжірені тазартып, масаны улау туралы шұғыл тапсырма берді. Әкімнің тапсырмасы бойынша, бұл мәселе дер кезінде шешімін тапты.

Қаладағы апаттық үйлер мәселесі өте өзекті. Қала әкімдігі бұл мәселелерді шешу үшін арнайы шаралар қабылдап, тиісті жұмыстарды жүргізуді жалғастыруда. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында әрбір үйдің жағдайы мұқият тексеріліп, қажетті жобалар қолға алынып жатыр.

- Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен облыс



орталығына іргелес жатқан Тасбөгет кенті шаһармен бірдей қарқынды дамып келе жатыр. Қазір тұрғындардың сұранысына сай, тозығы жеткен бірнеше ескі үйдің шатырын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек кентті көркейту, абаттандыруға байланысты жобалар жүзеге асуда. Енді жалғыз тұрғын үй апатты деп танылған азаматтарға Титов мөлтек ауданынан салынып жатқан тұрғын үйден 135 пәтердің кілті табысталады болады.

Жыл сайын осыншама пәтерден табыстайтын болсақ, бұл мәселе бірер жылда түбегейлі шешімін табады, – деді шаһар басшысы Серік Салауатұлы тұрғындармен кездесуде.

Айта кету керек, бүгінде меншік иелері «жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған азаматтар санатында тұрғын үй алу кезегіне құжат тапсырған 673 отбасы тіркелген.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында да ауқымды жұмыс атқарылуда. Биыл бюджеттен 35 миллиард теңге қаралып, 127,7 шақырымды құрайтын 97 көшеге жол құрылысы, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл қаржы өткен жылмен салыстырғанда үш есеге артық.

Атап айтқанда Сағымбаев көшесін қайта жаңғыртуға 760 миллион теңге, М.Шоқай көшесін жаңғыртуға 460 миллион теңге, Тәуелсіздік даңғылында магистральды көше құрылысын салуға 1,5 миллиард теңге бөлінген. Сонымен қатар 96 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарына 7,3 миллиард теңге, 10 көшеге орташа жол жөндеуге 351 миллион теңге қаралған.



Қала аумағында жалпы ұзындығы 88,4 шақырымды құрайтын 59 көшеге орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту, жол және көпір құрылыстарын салу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жобаларға 33,7 миллиард теңге бөлінген. Сонымен қатар, кент және ауылдық округтерде ұзындығы 39,5 шақырымды құрайтын 38 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда және оған 942,8 миллион теңге бөлінген.

Алдағы уақытта жоспарға сәйкес жалпы құны 6,5 миллиард теңгеге ұзындығы 99,3 шақырымды құрайтын жол жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Оның ішінде екі көшені қайта жаңғырту, бір көше құрылысын салу және 96 көшеге күрделі, 10 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары көзделіп отыр.

Ал жаяу жүргіншілер мен ойын алаңдарының құрылысына келсек, қалада 50,1 шақырымды құрайтын 40 көшеге тротуар салынууда. Бұл жобаларға 1,8 миллиард теңге бөлінген. Кент пен ауылдық округтерде ұзындығы 10,7 шақырымды құрайтын 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынууда.

Өткен жылы құрылысы басталған 23 көпқабатты тұрғын үй ауласындағы күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін 452,8 миллион теңге бөлінген. Қала орталығында орналасқан 32 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттеріне күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін 925,9 миллион теңге қарастырылған.

Қала аумағындағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізу үшін 1 миллиард теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

ҚАЛАДА 11 000 АҒАШ КӨШЕТІ МЕН ГҮЛ ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН

Қала көркін келістіре түсуде атқарылып жатқан нәтижелерімен атқарылатын жұмыс аз емес. Шаһардың шырайын кіргізуде 11000 ағаш көшеті мен түрлі әсем гүл отырғызылып, «Жасыл Қызылорданың» жұмысы қызу үстінде. Жасыл желекке керегі – су. Бұл мәселе Серік Салауатұлының күн тәртібінен түскен емес. Аяқсуды арттыру мақсатында жаңа насос және мотопомпалар алынып, ескі техникалар жаңартылды. Алайда, кейбір аймақта егілген көгалдың құрап қалуы сияқты мәселелер кездесуде. Қала әкімі Н.Назарбаев даңғылы бойындағы абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан аумаққа барып, кемшіліктерді өз көзімен көрді.

- Біздің бүгінгі міндет – қаланың тынысын ашатын, тұрғындардың бос уақытын өткізетін әдемі және ыңғайлы кеңістікке айналдыру, серуендеу аймағын құру, заманауи орындар жасау. Сол себепті сәні мен сәулеті жарасымды өң беретін, ұнамды көрік сыйлайтын орындар жасауға күш салып келеміз. Әлі де біткен істен бітпегені көп.



екпелер дәріленуге тиісті. Бізде осы шаруамен және күтіп-баптаумен айналысатын арнайы мекеме құрдық. Нәліктен істің нәтижесі төмен? Ағаштар мен талдар – таза ауа, табиғаттың тыныс алар «өкпесі», аптап ыстықта жан рақаттанатын салқын сая. Сондықтан жыл сайын жергілікті жердің табиғи климат жағдайына жерсінетін ағаштар мен көг-

табиғатымыз түрленіп, жасыл желекті жайқалта аламыз, – деп шаһар басшысы Серік Салауатұлы жауапты мекемелерге қатаң талап қойды.

Қаланы көгалдандырумен қатар, сол аумақтың кіші архитектуралық формасы жаңаша кейіпте көр-кейіп, жол жағасында спорттық тренажерлар, балалардың ойын алаңдары мен веложол салу жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінде бұл жұмыстардың 70 пайызы аяқталған.

Мұнан бөлек Қорқыт Ата әуежайының аумағын абаттандыруға 1,3 миллиард теңге бөлініп, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру жобасына 634 миллион теңге бөлініп, құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда.

Қала және кент пен ауылдық округтерде ұзындығы 81 шақырымды құрайтын 75 көшеге жарық бағаналары орнатылуда. Қалада 54 көшеге жарық бағаналарын орнатуға 1,3 миллиард теңге бөлінген, ал кент пен ауылдық округтерде 21 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін 55,5 миллион теңге қарастырылған.

Шаһар басшысы мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізіп, түрлі жоба жасалып жатқанын тілге тиек етті.

Бетті дайындаған: Мұхаммедшах КАЮП



Маңызды мәселеге жанашырлық жетіспей жатыр. Ең бастысы, тапсырма тиянақты атқарылуға тиісті. Халықтың уәжі орынды, кейбір жерде көгалдар, сәндік гүлдер құрап қалған. Оның себеп-салдарын анықтап, ауырған

ал, гүлдер егу жұмыстарын жалғастыра береміз. Ал, су арнасы тартылмаған орындарға автоматты тамшылатып суару жүйесін енгізу керек. Уақытылы суарып, балақтап, тазалық жүргізіліп отырса,

"Суреттер сөйлегенде"

ОЛИМПИАДА ОСАЛДАР ОЙЫНЫ ЕМЕС



Қытай мен Тайвань спортшылары арасындағы үстел теннисі



Сальвадорлық серфингист толқын кезінде



Испания мен Франция командалары арасындағы су добынан жарыс



Дзюдошы испаниялық Сальвадор Рока мен гамбиялық Фэй Нджи



Америкалық гимнаст Фредерик Ричард



Ерлер арасындағы регбиден жартылай финал



АҚШ құрамасындағы Броди Малоне гимнастикадан командалық жарыстан үшінші орын алды



ТАМЫЗ - ТОСЫН ОҚИҒАЛАР АЙЫ..

ТОҚТЫ. Бейнеттенуге тура келеді. **Айдың алғашқы күндерінде** тәртіп сақтауға назар аударыңыз. Қиын, әрі өзгеше міндеттермен бетпе-бет келесіз. Шешімдері де оңай емес. Асықпаңыз. Сөзіңізді ұстай біліңіз. Өйтпесе, соңы үлкен қателікке әкеледі.

Маңызды құжаттармен жұмыс істегенде абай болыңыз. Оларды келісу барысында кедергілер болуы мүмкін. Есесіне іскерлік байланыстарға жол ашық. Жоғары лауазымды тұлғалармен және егде жастағы туысқандармен қарым-қатынасқа да мән беріңіз. Олар өзіңізге қажетті ақпараттармен бөлісуіне бір жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі туады. Кезекті еңбек демалысына шығатындардың жолы жеңіл болады.

Айдың соңында кейбір Тоқтыларға қызметтен көтерілуге ұсыныс болады. Айналадағы жұрттың алдында беделіңіз артады. Жаңадан өзгеше бір жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі туады. Кезекті еңбек демалысына шығатындардың жолы жеңіл болады.

ТОРПАҚ. **Айдың бас жағы** кемісті болғалы тұр. Құжаттарды ретке келтіріңіз. Жұмыс тәртібін де. Өз-өзіңізді жинақтай білсеңіз оқуда немесе жұмыста керемет нәтижеге қол жеткізесіз. Ұзаққа баратын жоспарлар жасасаңыз, оны жүзеге асыру мүмкіндігі көп. Тәжірибелі әріптестеріңіздің кеңесіне құлақ асыңыз. Пайдасы тиеді.

Эмоцияға берілесіз. Басқа адамдарды түсінуге жеңіл, алайда дұрыс шешім қабылдауда қиындық болады. Логика мен сезім арасында тепе-теңдік ұстай білсеңіз, бәрі де сәтті болады. Романшалық қарым-қатынастарға, даулы мәселелерді шешуге қолайлы кезең. Кездейсоқ оқиғалар кейбір Торпақтардың жоспарына әсер етеді. Бірақ, қорқудың қажеті жоқ, айта қаларлықтай өзгерістер болмайды.

ЕГІЗДЕР. **Айдың бас жағында** абай болыңыз. Ұстамдылық танытыңыз. Әрбір шешімді тиянақты ойланыңыз, асықпаңыз. Барлық идеяларды жүзеге асыру мүмкін емес, әрі барлық әрекет бірдей нәтиже әкеле бермейді. Соның өзінде де сәтсіздіктеріңіз бен қателіктеріңізден де пайдалы тәжірибие жинауға болады. Ірі жобалар бастауға сәтсіз кезең.

Мақсатқа жету үшін табандылық, шыдам керек. Өдеттегіден тыс күш жұмсауға тура келеді. Ұмтыла білсеңіз, бәрі оңынан келеді. Өте талапшыл бола білсеңіз алдағы табыстың сенімді іргетасын қалайсыз.

Ұзақ мерзімді келіссөздер, ірі

келісімдер жасауға қолайлы уақыт. Алайда, өз күшіңізді асыра бағаламаңыз. Өйтпесе шығын болуы мүмкін, тіпті көңіліңізде қалады.

Айдың соңында жағдай жеңілдейді. Жаңа білімді игеру оңайға түседі. Көңіліңіз көтеріліп, өзіңізге күш қосылғандай сезінесіз. Барлық міндеттерді атқарып шығуға айналыңыздағыларды өзіңізге табындыруға бәрі сәтпен келіп тұр.

ШАЯН. **Айдың басын** маңызды істерден бастаңыз. Кәсіби адалдығыңыз жоғары бағаланады. Мақсатқа қарай жылжи білу керек. Нәтиже тез бола қоймаса, шыдамдылық, сабыр артықтық етпейді. Көптеген Шаяндар болашақ табыстарының іргетасын қалайды.

Дегенмен қаржы мәселесінде абай болған жөн. Барлық маңызды ақпараттарды ыждағатты тексеріңіз. Мүлік, зат сатып алғанда асықпаңыз. Қаржы салуға, инвестицияға қолайсыз уақыт. Достарменен, жақын адамдарменен қарым-қатынаста қиындықтар болуы мүмкін. Кейбір байланыстар үзілуі де мүмкін. Алғашқыда көңіл-күйіңізді түсіргеннен, ақыры қайырлы болады.

Айдың соңы жағында өзіңізді толғандырып жүрген, өте қиын мәселелерді шешу мүмкіндігіңіз бар. Жаңа идеялар пайда болады, бойыңызда қуат күшейеді. Болашаққа қатысты қызықты жобалар бар, жағдай өзіңіздің ыңғайыңызға оңтайлы шешіледі.

АРЫСТАН. **Айдың алғашқы** аптасында жұмысқа, қызметке қатысты мәселелерді шешуге қолайлы. Тіпті күрделі міндеттерді шешудің өзі қиындық туғызбайды. Өзіңіздің белсенділігіңіз, табандылығыңыз, төзімділігіңіз барлық істе табысқа жетуіңіздің кепілі. Алайда, асықпаңыз, тез нәтиже болады деп күтпеңіз.

Көптеген Арыстандар болашаққа жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда басшылықтан көмек сұраңыз, ықыласпен қолдау көрсетеді. Шамалы уақыт өткеннен соң ойды жинақтау, жаңа ақпараттарды есте сақтау қиын. Ұжымдық жұмыс табысты бола қоймас, содан да шешімі тек өзіңізге тән міндеттерге назар аударыңыз. Көңіл күйі де бірқалыпты емес, содан да ұнайтын істермен, жақын адамдармен араласыңыз.

Айдың соңы жағында қолайсыз жағдайлар орын алуы мүмкін. Қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз, бірақ өз-өзіңізге көп алмаңыз. Келісім-паздығыңыздың, жақсы өдеттеріңіздің, сүйкімділігіңіздің көмегі тиеді.

БИКЕШ. **Айдың басы** тосын жайларға толы. Алайда, барлық қиындықтарды, кедергілерді жеңе аласыз. Жауапты істерден бастамаңыз. Өдеттегідей үйренген міндеттермен айналысыңыз. Құжаттарды тәртіпке келтіріңіз. Бұрынғы қателіктерді түзетіңіз, бастаған істі аяқтаңыз. Сіз барлық кезде бірдей жағдайды тез бағалай алмайсыз. Содан да шешім қабылдауға асықпаңыз. Жаңадан болған таныстарыңыз әдейіге немесе кездейсоқ өзіңізді ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Содан да сенім білдіруге асықпаңыз.

Айдың орта шенінде өз мақсатыңызға белсенді қадам жасай бастайсыз. Ұқыпты, аңғарымпаз, табанды болғаныңыз дұрыс. Өзіңіздің дұрыс екендігіңізге айналадағыларды сендіру қиын емес, тіпті олар алғашқыда өзіңізбен келіспесе де.

Айдың соңы жағында іскерлік белсенділігіңізді азайтуға тура келеді. Ойсыз әрекеттер жасауыңыз мүмкін. Біреуге ауыр сөз айтудан сақтаныңыз, мүмкіндігіне қарай жақын адамдарды ренжітпеуге тырысыңыз. Демалысқа, күш жинауға уақыт бөлген маңызды.

ТАРАЗЫ. **Айдың бас** жағының қалай болатыны өзіңізге байланысты. Тәуекелге бара бермеңіз, өзіңіздің тәжірибиеніңізге, логикаға және ақылға салмақ салыңыз. Асықпаңыз, бірақ уақытты босқа жібермеңіз. Сонда барлық нәтижеге қол жеткізіп, алдағы табыстардың іргетасын қалайсыз. Әріптестеріңіздің көмегіне, басшылардың қолдауына иек артпаңыз, одан қайта барынша өз күшіңізге сеніңіз.

Айдың ортасында көптеген Таразылар өздерінің жағдайын көбірек ойлайды. Өрине, өзін қуатқан керек те шығар, маңызды да болар. Алайда міндеттемелерді ұмытпаған да дұрыс. Кездейсоқ ұмытып кетуіңіз мүмкін уәделерді уақытында орындауға назар аударыңыз. Басшылықтың көзіне түсуге тырыспаңыз. Ал, жаңа іскерлік таныстықтар болашақта мүдделі адамдармен бірлесе қимыл жасаудың басы.

Айдың соңы жағы қаржы және іскерлік бағытында өте қолайлы. Жеке өмірде елеусіз кедергілер болуы мүмкін, бірақ тез шешімін табады.

САРЫШАЯН. Шығармашылық қабілетіңіз толығымен ашылады. Айдың бас жағында айналадағы жандардың көңілінен шыға білесіз. Сәңқойлығыңыз, әртістікке бейімділігіңіз тек пайдалы

таныстар табудан бөлек кейбір маңызды мәселелерді шешуге де әсер етеді. Отбасылық мәселелер де көңілге кірбің түсіреді. Сабыр сақтаңыз. Барлығы да уақытша, тіпті кейбірі өз-өзінен шешімін табады.

Айдың ортасы белсенді жұмысқа қолайлы. Талқылау соңы келісімге әкеледі. Бастама көтеруге ұялмаңыз, қайтарымы бар. Көптеген Сарышаяндар өзгелерді жақсы түсіне бастайды. Нәтижесінде қайсыбір мәселе болмасын баршаға ортақ оңтайлы шешім табады.

Айдың соңы жағында күш-қайратыңыз таси түседі. Алайда аңдамай сөйлегеннен, ойланбай істегеннен сақ болыңыз. Сезімталдығыңыз барлық кезде бірдей пайда бермейді. Салқынқанды бола біліңіз.

МЕРГЕН. **Айдың басында** маңызды жауапты істерден бастамаңыз. Өдеттегіден гөрі ашулы болсаңыз, кездеген нәтижеге жету қиын. Үйреншікті тақырыптардың өзіне көбірек уақыт, күш жіберуге тура келеді. Уайымдамаңыз, ұзаққа созылмайды.

Айдың ортасына қарай айналадағыларды жеңіл түсініңіз, әрі олармен тез тіл табысасыз. Келіссөздер, әсіресе шетелдік әріптестермен, немесе ықтимал демеушілермен табысты болады. Күтпеген көздерден ақша түсімі болуы мүмкін. Көптеген Мергендер үшін қызықты жоспарлар пайда болады. Ең бастысы дер кезінде мән беріп, уақытын жіберіп алмау керек.

Өз-өзіңізге тым сенімді болмаңыз. Алдамшы болуы мүмкін. Асығыс шешім қабылдамаңыз, қайта-қайта тексеріңіз. Ақпараттарды нақтылаңыз, өзгелердің сөзіне сеніп қалмаңыз. Шыншыл, ашық болсаңыз, адамдар айналыңызға топтасады.

ТАУЕШКІ. **Айдың бас жағы** қарбаласқа толы, алайда көп ұзамай бәрі ретке келеді. Қажет емес дау-дамайға ұрынбасу үшін өз шешіміңізді ойланыңыз, дауласпаңыз. Басшылықтан қолдау күтпеңіз, ең дұрысы көзіне түспеуге тырысыңыз. Ағымдағы үйреншікті істермен айналыспаңыз, күш-қуат жинаңыз. Алдағы уақытта қажетіңізге жарайды.

Айдың ортасында күн сайын жағдай жақсарайды. Сүйкімділігіңіз арта түседі, айналыңыздағылар ылғы да қолдау көрсетеді. Кейбір Тауешкілер көптен бері армандап жүргенін сыйға алады. Тіпті, қаласаңыз қызметтік махаббат болуы мүмкін.

Әсіресе, **айдың соңы** жағындағы іскерлік жоспарлар сәтті болады. Барлық мәселе оңынан шешіледі. Келіссөздер сәтті өтеді, келісімдер өте табысты, тіпті жоспарлағаннан да. Жаңа таныстар, достар, әріптестер пайда болуы мүмкін.

СУҚҰЙҒЫШ. Өз-өзіңізге сенімділігіңіз, батылдығыңыз көптеген проблеманы шешуге оң ықпал етеді. Көптеген Суқұйғыштар басшылықтан мақтау естіп, көтермелеуге ие болады. Тіпті қиын міндеттердің өзін жеңіл реттей алады. Кішкене кедергілер болуы мүмкін, бірақ мақсатқа жетуге тұсау бола алмайды. Батыл бастама көтере біліңіз, дәл сәтті уақыты.

Айдың ортасында өте мұқият болыңыз. Бекерге тәуекел етпеңіз, сақтық танытыңыз, тексерілмеген ақпараттарға сенім білдіруге асықпаңыз. Кейбір жобаларды жүзеге асыру мүмкін болмаса, бірақ сіз ойлағандан да қиын, қымбатқа түседі. Маңызды адамдармен сөйлескенде, тіпті пікірлеріңіз қабыспаса да сабырлы болыңыз.

Айдың соңында ұсақ-түйек келесіздіктер орын алады. Тез реттейсіз, қол қусырып отырмаңыз. Қиын уақыт ұзаққа бармайды. Отбасы мүшелері мен жақсы достардың қолдауына иек артсаңыз.

БАЛЫҚТАР. **Айдың алғашқы күндері** дау-дамайға араласпаңыз. Ұстамсыз, ашуланшақ болсаңыз іске кедергі етеді. Менің айтқаным болады, өз ойыңдағыны жасаймын дегеннен аулақ болыңыз. Кей жағдайда қателікке ұрынасыз. Егер де дау-дамайдан бас тарта алсаңыз, айдың қалған бөлігі тыныш өтеді.

Ақылға иек артып, сезіміңізді бақылай біліңіз. Өз-өзіңізге сенімді болудан, ысыраптан бой тартыңыз. Шетелдік серіктестермен келіссөз жүргізуге, ұзақ мерзімді келісімдер жасауға қолайлы уақыт. Кейбір Балықтар қызметте өсуі мүмкін. Жаңа қабілеттеріңіз ашылады, соның арқасында көптеген мәселелерді реттейсіз. Жағымды жаңалық болады.

Айдың соңы жағы жиналыстарға қатысуға, көп алдында сөз сөйлеуге, мәдени іс-шараларға қатысуға сәтті кезең. Айналыңызға адамдар топтасады. Жаңа таныстықтар болуы мүмкін. Алайда, тым жақындауға асықпаңыз. Алғашқы әсер алдамшы болуы мүмкін.